



Павлодар қаласы Айманов көшесі, 37

01-06

«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №35 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарының мазмұны

1 - тарау. 2022-2023 оқу жылында мектеп жұмысының оқу-тәрбие талдауы.

2 - тарау. Білім беру бойынша нормативтік құжаттарды жүзеге асыруға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру.

2.1. 2023-2024 оқу жылына арналған жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары.

2.2. 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңын іске асыру жоспары.

2.3. 2023-2024 оқу жылына арналған «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

2.4. ОТП қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары.

2.5. 2023-2024 оқу жылына арналған үштілділік білім беру жоспары.

2.6. Инклюзивтік білім беруді іске асыруда жүргізілетін іс – шаралар жоспары.

3 - тарау. Педагогикалық құраммен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестациялау.

3.1. 2023-2024 оқу жылына педагогикалық құрамның жұмыс жоспары

3.2. 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің курстық дайындық болашақ жоспары.

3.3. 2023-2024 оқу жылына педагогикалық қызметкерлердің аттестация болашақ жоспары;

4 –тарау.

Қазақстан Республикасында жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының орындалуына бағытталған оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру, мектепте білім беруді жетілдіру.

4.1. Жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының орындалуына бағытталған оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру, мектепте білім беруді жетілдіру жоспары.

4.2. Педагогикалық ұжымның міндеттері.

4.3. 2023-2024 оқу жылындағы пән декадасының жоспары.

4.4. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс жоспары.

4.5. 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әдістемелік кеңесінің жоспары.

4.6. Жас маман мектебінің жоспары.

4.7. 2023-2024 оқу жылындағы кітапхана жұмыс жоспары.

5 –тарау.

Оқу – тәрбие процесінде психологиялық қолдауды ұйымдастыру

6 – тарау. Мектептің тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы.

6.1. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысының жоспары.

6.2. Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары.

7. Мектепті басқару және мектепшілік бақылау.

7.1. 2023-2024 оқу жылындағы мектеп жұмысының циклограммасы.

7.2. 2023-2024 оқу жылының педагогикалық кеңестер жоспары.

7.3. 2023-2024 оқу жылындағы әкімшілік жұмыс жоспары.

7.4. 2023-2024 оқу жылындағы мектеп басшысы жанындағы кеңес жоспары.

7.5. 2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің жоспары.

7.6. Оқу жылын аяқтау іс-шараларының жоспары.

7.7. Мектепшілік бақылау жоспары.

МЕКТЕПТІҢ ТАҚЫРЫБЫ:

«Білім беруді бейіндеу жағдайында білім беру мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ету»

Мақсаты: Білім берудің жаңа стандарттарын іске асыру жағдайында педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

1. Мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыру арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.
2. Мұғалімдердің мазмұны, білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру тетіктері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқытудың белсенділік тәсілдерін енгізу, оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау мәселелеріндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру.
3. Педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметін ынталандыру.
4. Білім беру процесіне оқытудың интерактивті нысандарын белсенді енгізуге жәрдемдесу.
5. Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша педагогикалық қауымдастықтар құруға бастама жасау.

Мектеп әкімшілігі

Мектеп директоры:	Бектемирова Гаухар Болатовна
Мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары:	Болуспекова Гульжан Ныгметовна
Мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Сыздыкова Акмарал Жаскайратовна
Мектеп басшысының инновация жөніндегі орынбасары	Джакупов Жанат Мухамедович
Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының м.а.:	Сабикова Ляйляш Кусайновна Идрисова Назымгуль Бейсембаевна
Әлеуметтік педагог:	Байтенова Гулназия Октябровна
Педагог-психологтар:	Какимова Жанар Бакеновна Қабыш Әлемгүл Нұрланқызы
Аға тәлімгер:	Бесенова Самал Сериковна
АӘД ұйымдастырушы:	Джамбусинов Аманжол Кабдрахманович
Кітапхана меңгерушісі:	Карибаева Айжан Кабдығалиевна

Мектеп туралы мәліметтік анықтама

«Павлодар қаласы № 35 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

ТӨЛҚҰЖАТЫ

Басшы туралы ақпарат	Бектемирова Гаухар Болатовна Педагогикалық еңбек өтілі – 35 жыл, Лауазымы бойынша еңбек өтілі – 0 жыл. Санаты – педагог-зерттеуші. Білімі – жоғары, биология мұғалімі.
Ашылған күні	01.09.1974
Телефон, электронды мекен жайы	sosh35@goo.edu.kz 8(7182)321937 – мектеп 87076079257 – мектеп басшысының м.а. 87776253132 – бас бухгалтер
Жалпы көлемі	Ғимарат – 5406 кв.м. Жер учаскесі – 2,6 га.
Жобалау қуаттылығы	1200
Жинақталған сынып саны	36
Оқыту тілі	Қазақ
Оқыту тілі бойынша	Мемлекеттік тілдегі сыныптар: 1-11 сыныптар
Контингент	Барлығы - 874 Бастауыш мектеп – 365 Негізгі мектеп – 414 Орта мектеп –95
Кадр құрамы	Педагогтардың жалпы саны – 67 Білімі бойынша: Жоғары – 54 Арнайы-орта – 3 ЖОО-дан кейінгі білімі (магистр, доктор PhD) – 10 Санаттары бойынша: санатсыз – 17 педагог-модератор, II санат – 9 педагог-сарапшы, I санат – 16 педагог-зерттеуші, жоғары санат – 23 педагог-шебер – 0
Жұмыскерлердің жалпы саны	115
Қаржыландыру	2022 жыл 432,7 мың теңге

Бағыты	<i>Гимназиялық сыныптар, жеке пәндерді бейінді оқыту, үштілдік оқыту, инклюзивті оқыту</i>
Мектеп жөнінде қосымша мәлімет	<i>Ұлт жандылыққа, патриотизмге тәрбиелеу, функционалдық сауаттылыққа тәрбиелеп, ерте кәсіптік бағдар беру.</i>
Қажеттіліктері	<p>2023 жыл:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектеп алаңының асфальтына күрделі жөндеу, - мәжіліс залын күрделі жөндеу, - спорт залды күрделі жөндеу, - еденді күрделі жөндеу, - мектептің қоршауларын күрделі жөндеу,

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тізімі

№	Аты-жөні	Қызметі	Телефон	Кеңестегі қызметі
1	Шокаева Данара Танирбергеновна	Жеке сот орындаушы	870117704112	Қамқоршылық кеңес төрайымы
2	Қайыржанова Алия Кабдылкумаровна	ПФ АО «Қаз темір жол» есепші	8 7054089899	Қамқоршылық кеңес мүшесі
3	Ташенова Жадыра Амангелдіқызы	Жеке кәсіп	87710427860	Қамқоршылық кеңес мүшесі
4	Қасымжанова Айгуль Иштановна	ТОО «Forever living»-супервайзер	87779361466	Қамқоршылық кеңес мүшесі
5	Садыкова Зульфия Кумархановна	«РГП Горводнадзор»-бас маман	87011413176	Қамқоршылық кеңес мүшесі
6	Серикова Жанар Ондасыновна	Жеке кәсіп	87011256396	Қамқоршылық кеңес мүшесі
7	Умирова Айгерим Рахметоллаевна	Global trend compani	87054647297	Қамқоршылық кеңес мүшесі
8	Ахметова Қымбат Базархановна	Жеке кәсіп	87478086547	Қамқоршылық кеңес мүшесі
9	Саржан Құндыз	Ювеналды полиция қызметкері	87478086547	Мектеп инспекторы
10	Бесенова Самал Сериқовна	Хатшы	87476152626	Кеңес хатшысы

Сабақ кестесі

Сабақтың реті	I ауысым	Қоңырау уақыты
1.	8.00-8.45	5 мин
2.	8.50-9.35	15 мин
3.	9.50-10.35	15 мин
4.	10.50 - 11.35	15 мин
5.	11.50 -12.35	5 мин
6.	12.40-13.25	5 мин
7.	13.30 -14.15	5 мин

№35 жалпы орта білім беру мектебінің жұмыс істеуі:

Оқу-тәрбие процесі бір ауысымда ұйымдастырылады	
Ата-аналар жиналысы жылына	5 рет
Педагогикалық кеңес жылына	9 рет
Педагогикалық оқулар жылына	1 рет
Конференция	1 рет
Әдістемелік отырыс жылына	5 рет
Директор жанындағы отырыс жылына	10 рет
Әкімшілік отырысы	аптаның жұма күндері
Қоғамдық ұйымдар жиналыстары және әр түрлі қосымша мәселелер бойынша өткізілетін жиналыстар	1 апта

1 - тарау

2022-2023 оқу жылындағы

оқу – тәрбие жұмысының

талдауы

Мектеп тақырыбы: «Білім беруді бейіндеу жағдайында білім беру мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ету».

Оқу жылдың ғылыми-әдістемелік тақырыбы: «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру-қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы».

Талдаудың мақсаты: 2022-2023 оқу жылындағы қызмет нәтижелеріне әсер еткен факторлар мен жағдайларды анықтау негізінде жаңа оқу жылындағы Жұмысты жоспарлаудың аналитикалық негіздемесі.

Талдау көздері:

1. БІЛІМ БЕРУ ҚҰРЫЛЫМЫ.

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері 2022 – 2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы).

- **1, 2б, в, 3 б, 4а, б, в сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БжҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 1-қосымшасы;
- **2а, а, 3 а, а, 4 а, г сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БжҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 11-қосымшасы;
- **5 б, 6 б, 7 б, в, 8 б, 9 б, в сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БжҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 6-қосымшасы;
- **5 а, ә, 6 а, ә, 7 а, ә, 8 а, ә, 9 а, ә сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БжҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 19-қосымшасы;
- **10 а, 11 ә сыныптары сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БжҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 27-қосымшасы;
- **10 ә сыныбында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БжҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 22-қосымшасы;

- **11 а сыныбында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** ҚР БЖҒМ-нің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 29-қосымшасы;
- «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсының енгізу оқушыларымыздың бойында қазіргі қоғамның талаптарына сай білім мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. (5 – 11 сыныптар)
- Пилоттық мектептерде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді үш тілде білім беруді енгізу бойынша физика (8 а, 9 ә), биология (8 а, 8 ә, 9 а), химия (8 ә) пәндері ағылшын тілінде гимназиялық компоненттен кіріктіріліп оқытылады.
- Вариативті оқу жүктемесі жеке тұлғаның танымдық, іскерлік талаптарын ұштау мақсатында гимназия статусына сай қосымша оқу курстарын енгізумен бейіндік пәндерді кеңейте оқытуға бағытталған. Жекелей пәндер тереңдете оқылатын сыныптарда оқушылардың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін дамыта оқыту арқылы және олардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында типтік оқу жоспарының вариативтік компоненті бөлігінен қосымша сағаттар берілген.

Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын толық орындауды жүзеге асыру мақсатында жоспарлардың құрамы және инвариантты (базалық) компоненті сақталды. Оқушылардың қызығушылықтары, ынталары, балалардың және ата-аналардың талап етулері есебінен вариативтік компоненттері аясында білімділік әрекетін ұйымдастыру жүзеге асырылды.

Оң үрдістер:

- * жалпы мектеп бойынша білімнің тұрақты сапасы;
- * үздік оқушылар санын көбейту;
- * көптеген пәндер бойынша білім сапасын арттыру.

2. ҮЛГЕРІМ МЕН БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

3. ҮШТІЛДІЛІКТІ ЕНГІЗУ

№	Пән	Арнайы курс атауы	Компонент	Ішінара немесе толық енгізу	Сынып	Лигер	Оқушы саны	2022-2023 оқу жылында "Ағылшын тілі" пәнінің сапасы %	Пән мұғалімі	Деңгей	Санаты
1	Биология	Interesting biology	вариативті	толық емес енгізу	9	а	27	65%	Джакипова М.А.	B1	педагог-сарапшы
2	Биология	Cell biology	вариативті	толық емес енгізу	8	а	24	60%	Шектыбаева Ж.К.	B2	екінші
3	Химия	Practical chemistry	вариативті	толық емес енгізу	10	а	25	67%	Манай Б.Х.	B2	педагог-модератор
4	Физика	Physics in english	вариативті	толық емес енгізу	9	ә	24	62%	Татыбаева Н.С.	B1	педагог-сарапшы
5	Физика	«PHYSICS»	вариативті	толық емес енгізу	8	а	25	60%	Кабдиева С.Ш.	B2	жоғары

Мәселелер:

- * оқу құралдарымен қамтамасыз етілмеуі;
- * пәндер бойынша сағат саны ағылшын тілін қолдану арқылы пәнді оқу үшін жеткіліксіз;
- * сыныптағы оқушылардың көп саны (биология, химия, физика), бұл тілдік дағдыларды дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;
- * толық (барлық параллель) бағдарламалық қамтамасыз етудің болмауына байланысты ағылшын тілін қолдана отырып пәндерді оқытуда сабақтастық қағидаты әрдайым сақтала бермейді;
- * мұғалімдер мен оқушылардың тілді меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі.

Шешу жолдары:

- * пропедевтикалық жұмысты кеңейту, жүйелеу (оқушыларды тіл пәндері бойынша сапалы даярлау, үйірмелер желісін, тіл пәндері бойынша арнайы курстарды кеңейту, үш тілде іс-шаралар өткізу);

* пәнаралық байланыстарды дамыту, объектілердің интерграциясына жаңа мүмкіндіктер ашу;

* бағдарламалық қамтамасыз етуді құру, оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша басқа мектептермен ынтымақтастықты кеңейту.

4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңын іске асыруда келесі нормативтік құжаттар басшылыққа алынады: Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы; Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Жарлық 29.06.2011ж); Облыстық Білім беру басқармасының 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары; Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; Әр жаңа оқу жылына арналған Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған бағдарламасы, оқулықтар.

Педагогикалық ұжымының, оның ішінде қазақ тілі және әдебиет пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы тікелей жоғарыда аталған нормативтік құжаттардың орындалуына бағытталды және мектепшілік бақылауға алынып, директордың қатысуымен өтетін отырыстарда қаралды.

Мақсаты: Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, замануи талаптарға сай, бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған, өздігінен білім ала-алатын, коммуникативік ақпараттық құзыреттілігі мол тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Мемлекеттік тілдің ролін арттыру, оның қарқынды енгізілуін, ҚР «Тіл туралы» заңын орындалуына ат салысу.
- Білім беру технологияларының мәнін және қазіргі кездегі жағдайларда олардың тұлғаның қалыптасуына ықпал деңгейін табу.
- Ақпараттық технологияларын меңгеру және қолдану бойынша әрекет бағдарламасын құрастыру.
- Педагогикалық–инновациялық технологияларды талдап, сараптама жасау, тәжірибеде қолдану;
- Оқушылардың әрекет жасауларына назар аудару;
- Мемлекеттік тілдің ролін арттыру, оның қарқынды енгізілуін және оқушыларды оқытудың сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру.

Мемлекеттік тілді меңгерту жолында мектептің жұмыс жүйесі 3 бағытта ұйымдастырылған:

1-бағыт-оқушылармен жұмыс;

2-бағыт-ұстаздармен жұмыс;

3-бағыт-ағартушылық жұмыс.

Оқушылардың басты міндетіне бағдармалық материалды меңгеру, ал мұғалімнің басты міндетіне балаларды қазақ тілін жетік білуге үйрету және оқыту әдісін тандай білу. Мемлекеттік тіл барлық мектептегі оқушыларға оқытылады.

Мемлекеттік тілді дәріптеуде «Павлодар дарыны» орталығының оқуларының орны ерекше. Оқушыларымыз қазақ жазушылардың шығармалары бойынша оқуларға қатысып келесі нәтижелерге ие болды:

Оқулар атауы	Оқушы ТАӘ	Сынып	Жетекші мұғалім	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей	Республикалық деңгей
Мағжан оқулары	Аманжол Амира	8	Нәжім М.Б.	2 орын	1 орын	
	Шалабаева Томирис	10	Кибатова С.Б.	3 орын		
Абай оқулары	Бейсенова Дияра	8	Табикенова Қ.С.	2 орын		
	Ахметова Жансая	10	Кибатова С.Б.	2 орын		
	Бақытжолқызы Іңкәр	9	Нәжім М.Б.	3 орын		

	Болтаев Бакберген	8	Тлеубаева	2 орын		
	Бектасова Азиза	8	Табикенова Қ.С.	1 орын	1 орын	3 орын
	Бейсенова Аяжан	10	Кибатова С.Б.	2 орын		
Балалар оқулары	Апсамат Бекарыс	3	Айтжанова А. Д.	2 орын		
Әбіш оқулары	Табылды Әмір	9	Табикенова Қ. С.	2 орын		
	Қайролла Ділназ	9	Табикенова Қ. С.	3 орын		
	Бәкібай Ұлжан	10	Кибатова С.Б.	2 орын		
	Кусманова Алима	10	Табикенова Қ. С.	2 орын		
	Жанабаева Айдана	10	Табикенова Қ. С.	3 орын		
	Сейлхан Нұрболат	10	Табикенова Қ. С.	2 орын		
	Әлназар Дәурен	10	Табикенова Қ. С.	2 орын		
	Қабылда Аспандияр	9	Табикенова Қ. С.	2 орын		
М.Жүсіп оқулары	Махмудова Рушана	10	Нәжім М.Б.	3 орын		
	Алькеев Даир	11	Мундуинова А.Е.	3 орын		
М.Мақатаев оқулары	Камирова Кәусар	8	Табикенова Қ. С.	3 орын		
	Қабышев Нурасыл	9	Табикенова Қ. С.	3 орын		
Ілияс оқулары	Бектасова Азиза	8	Табикенова Қ.С.	1 орын	1 орын	

5. ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылында педагогикалық ұжым мектептің зияткерлік элитасын құру процесінің жоспарлылығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған «Дарынды балалар» бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырды. Оқу жылында мектеп деңгейінде олимпиадалар, конкурстар, пәндік апталар, конференциялар және басқа да іс-шаралар өткізу арқылы дарынды балаларды анықтау және қолдау жұмыстары жалғастырылды. Оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысуы ұйымдастырылды.

9-11 сыныптар арасындағы Пәндік олимпиада

№	Оқушы ТА	сынып	Пән	Пән мұғалімінің ТАӘ	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей	Республикалық деңгей
1	Алигожина Амина	11	Математика	Асылханова Қ. Н.			
2	Табылды Әмір	9	Физика	Татыбаева Н. С.			
3	Ескендірова Томирис	11	Физика	Кабдиева С. Ш.			
4	Бельгибаева Дания	9	Қазақстан тарихы	Жунуспаева К. Х.	2 орын		
5	Бекенова Аяжан	10	Қазақстан тарихы		2 орын		
6	Муратбаев Алишер	11	Қазақстан тарихы				
7	Жодасбекова Амина	10	География	Айтқалиева А.Т.	1 орын	2 орын	
8	Хайратбек Берикбол	11	География	Мырзағалиева Г. Ж.	2 орын		
9	Темираллинов Ескендір	9	информатика	Камиль А.	3 орын		
10	Шамшет Нұрахмет	10	информатика				
11	Сакенов Карим	9	Орыс тілі	Аубакирова М. К.	2 орын		
12	Жунусова Сабина	10	Орыс тілі		2 орын	2 орын	1 орын
13	Нурмагамбетова Алина	11	Орыс тілі		1 орын		
14	Шоман Абылайхан	9	Химия	Манай Б. Х.			
15	Каримова Жансая	11	Химия				
16	Тоқтар Дария	9	Биология	Бектемирова Г. Б.	2 орын		
17	Әбен Еділ	10	Биология	Джакипова М. А.			
18	Көбенбай Ақмарал	11	Биология	Шектыбаева Ж.К.	2 орын	3 орын	
19	Қайрулла Ділназ	9	Ағылшын тілі	Шман Қ. Қ.			
20	Оразхан Мақсат	10	Ағылшын тілі	Абрарова А. Ю.			
21	Ақберген Аделя	11	Ағылшын тілі				

22	Сакибулла Аяжан	9	Қазақ тілі мен әдебиет	Нәжім М. Б.			
23	Жанабаева Айдана	10	Қазақ тілі мен әдебиет	Кибатова С. Б.			
24	Ахметова Камилла	11	Қазақ тілі мен әдебиет	Нәжім М. Б.			
25	Турсынбаева Томирис	9	Құқық негіздері	Шарбақбаева А. А.			
26	Бәкібай Ұлжан	10	Құқық негіздері				

Лингвистикалық олимпиада

№	Қатысушының АТ	сынып	Мұғалімнің аты-жөні	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей
1	Уахит Гүлназ	8	Смагулова Г.Т.		
2	Шоман Абылайхан	9	Аубакирова М.К.	3 орын	3 орын
3	Әбен Еділ	10	Бектемирова Д.Ж.	3 орын	
4	Нурмагамбетова Алина	11	Аубакирова М.К.		

Гуманитарлық олимпиадасы

№	Қатысушының АТ	сынып	пән	Мұғалімнің ТАӘ	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей
1	Манат Саида	8	қазақ тілі мен әдебиеті	Нәжім Мейрімхан Бахрадинқызы	2 орын	
2	Аманжолқызы Амира	8	Қазақ мектебіндегі орыс тілі	Бектемирова Дина Жумабаевна	3 орын	
3	Ақберді Ару	7	Қазақстан тарихы	Жунуспаева Калка Хамитовна	3 орын	
4	Мурат Аружан	7	ағылшын тілі	Абрарова Альфинур Юрьевна	2 орын	2 орын

«Бастау» олимпиадасы

№	Қатысушылардың аты-жөні	Сынып	Таңдау бойынша тілі (ағылшын, неміс, француз)	Мұғалімнің аты-жөні	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей
1	Қабыш Байназар	3	математика	Ергалиева Б.С.	2 орын	3 орын

Көптілділік олимпиадасы

№	Қатысушылардың аты-жөні	Сынып	Таңдау бойынша тілі (ағылшын, неміс, француз)	Мұғалімнің аты-жөні	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей
1	Шоман Абылайхан	9	ағылшын	Нәжім М.Б., Смагулова Г.Т., Хумарбек А.	2 орын	3 орын
2	Жунусова Сабина	10	ағылшын	Нәжім М.Б., Аубакирова М.К., Абрарова А.Ю.	2 орын	
3	Жүсіп Айханум	11	ағылшын	Нәжім М.Б., Кусаева Р.У., Абрарова А.Ю.	3 орын	

5-6 сыныптар арасындағы Пәндік олимпиада

№	Оқушы ТА	Сынып	Мұғалім ТАӘ	Қалалық деңгей
1	Ахметова Ажар	5	Ибраева Гульнар Рахимжановна	
2	Еламанұлы Бахытжан	6	Кибатова Самал Бакубаевна	2 орын
3	Омаров Расул	5	Нуралина Зейнеп Егинбаевна	
4	Алдыбай Анель	6	Смагулова Гульнар Ташметовна	
5	Ахмет Альтаир	5	Әшірханова Тоғжан Серіктайқызы	3 орын
6	Жүсіп Бөрібай	6	Асаинова Алуа Болатовна	2 орын
7	Базарбай Ерасыл	5	Таукен Ғалымжан	
8	Жәнібекұлы Бердібек	6	Таукен Ғалымжан	
9	Ермухамбетова Дария	5	Болуспекова Гульжан Ныгметовна	2 орын
10	Хаиров Аслан	6	Сагитжанова Махаббат Ақылбековна	
11	Боранбай Расул	5	Пшенбаева Ляззат Тоқтаровна	
12	Рахметолла Алижан	6	Айткалиева Айнагуль Талғатовна	2 орын

Жасөспірімдер олимпиадасы

№	Қатысушының АТ	сынып	пән	Жетекшінің ТАӘ	Қалалық деңгей
1	Ақберді Ару	7	математика	Абдрахманов Қ.Т.	
2	Базарбай Ерсұлтан	8	физика	Татыбаева Н.С.	
3	Камирова Кәусар	8	бағдарламалау	Сагитжанова М.А.	
4	Тоқтар Дария	8	биология	Бектемирова Г.Б.	2 орын
5	Сальменова Риана	8	география	Мырзағалиева Г.Ж.	2 орын
6	Оразғалы Ақбота	8	химия	Манай Б.Х.	3 орын

«Жарқын болашақ» олимпиадасы

№	Қатысушының АТ	сынып	Байқау	Жетекшінің АЖ (толық) , № теле-ы	Қалалық деңгей
1	Жанай Арсен	7	Бейнелеушілер байқауы	Байтемирова А.Т.	2 орын
2	Аманжол Амира	8	Жас қаламгер	Нәжім М.Б.	2 орын
3	Романқызы Аружан	7	Білгірлер бәйгесі	Қайдарова С.Е.	2 орын
4	Манат Саида	8	Сөз шеберлері	Нәжім М.Б.	2 орын
5	Болтаев Бақберген	9	Әнші бұлбұлдар	Тлеубаева А.Б.	2 орын

«Зерде» ғылыми жобалар сайысы

№	Қатысушының аты-жөні аты-жөні	Жобаның тақырыбы	Сыныбы	Жетекшінің толық аты-жөні, телефон	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей
1	Жәнібекұлы Бердібек	«Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесіндегі Қажымұқан бейнесін сипаттайтын теңеулердің қолданысы»	6	Кибатова С. Б.	2 орын	
2	Тоқтар Ділназ	Ағылшын тіліндегі мультфильмдердің атауларын қазақ тіліне аударудың ерекшеліктері	7	Абрарова А.Ю.	2 орын	
3	Құрманбай Ернұр	Таяқшалар	3	Махамбетова Б. К.	3 орын	
4	Нурбаев Исмаил	Компьютерлік ойындар жақсы ма, жаман ба?	4	Сырнай Б.		
5	Токомбаев Темирлан	Көпіршік шығаратын генератор	5	Дюсенбаева А.С.	3 орын	3 орын
6	Тукен Дарина	"Аялы алақан" шала туған сәбилерге тоқыма киімдер	5	Дюсенбаева А.С.	2 орын	3 орын
7	Малатай Сымбат	Қаламыздағы ең көне көше тарихы	5	Дюсенбаева А.С.	2 орын	
8	Киюбаев Амир	Сұлы дәрумен	7	Пшенбаева Л.Т.	2 орын	
9	Рахимбердинов Амирхан	Ас тұзының құпиясы	4	Сулейменова Г.С.	3 орын	
10	Жәнібек Бейбарыс	Қашықтан басқарылатын робот	5	Камиль А.	3 орын	3 орын

8-11 сыныптар арасында ғылыми жобалар сайысы

№	Жоба авторының аты-тегі (толық)	Жобаның атауы	Секция	Сынып	Жоба жетекшісінің аты-жөні	Қалалық деңгей	Облыстық деңгей
1	Тлеулен Темучин	Қыздыру шамдарын электр энергиясын үнемдейтін шамдармен салыстыру	физика	9	Кабдиева Сандугаш Шамшитовна		
2	Адирбай Ернұр	Jumys KZ қосымшасы. Жұмыспен қамту және әр түрлі қызмет көрсету орталығы	информатика	10	Камиль Айбек	3 орын	
3	Елтің Қуат	"Робототехника негіздері" 5-6 сыныптарға арналған электронды оқулық	информатика	10	Камиль Айбек		
4	Жолдасбекова Әмина	"ХИМИЯ" пәні бойынша электрондық білім ресурсын әзірлеу	химия	9	Манай Баянсұлу Хуриметқызы	2 орын	
5	Бадилхан Оралгүл	Қырмызыгүл өсімдігінің ақ көбелектен қорғану ерекшеліктері	биология	9	Пшембаева Ляззат Тохтаровна	2 орын	
6	Жанабаева Айдана	Оқушылардың қозғалу белсенділігінің әр түрлі режимдерінде жұмысқа қабілеттілігін анықтау	биология	10	Джакипова Мақпал Алайдаровна	2 орын	
7	Кобенбай Акмарал	Мектепке дейінгі жастағы балалардың физиологиялық параметрлерін ойлауды дамыту дәрежесін зерттеу	биология	11	Шектыбаева Жадыра Кайырбековна		
8	Көбенбай Дильназ	Құндылықтар	адам және қоғам	9	Шарбакбаева Айнагуль Адамовна		
9	Хамит Санжар	Интернет желісі арқылы ағылшын тілін үйренудің қолжетімді жолдары	тіл білімі	8	Абрарова Альфинур Юрьевна	1 орын	2 орын

6. ИНКЛЮЗИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

7. ӘДІСТЕМЕЛІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Тақырып: «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру-қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы».

Мақсаты: Білім берудің жаңа стандарттарын іске асыру жағдайында педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

6. Мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыру арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.
7. Мұғалімдердің мазмұны, білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру тетіктері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқытудың белсенділік тәсілдерін енгізу, оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау мәселелеріндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру.
8. Педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметін ынталандыру.
9. Білім беру процесіне оқытудың интерактивті нысандарын белсенді енгізуге жәрдемдесу.
10. Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша педагогикалық қауымдастықтар құруға бастама жасау.

Білім берудегі жаңа трендтерді енгізу бойынша жұмыс.

Осы оқу жылында мектептегі болған ұйымдастырушылық өзгерістер біздің ұйымның мектептің даму жоспарына, «Білім беруді бейіндеу жағдайында білім беру мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ету» атты әдістемелік тақырыбына сәйкес іс-шаралар өзгерістерді қамтыды. Бұл кең ауқымды жоспарлы жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мектеп ұжымы әр түрлі өзгерістерге қалыптасқан ұжым болғанымен, адами факторлар барлық кезеңде де орын алып отырады. Соның ішінде елеулі өзгеріс - мектеп бағытының өзгеруі. Бұл өзгеріс мәдениетінің мектеп ұжымында дамығанын көрсетті, себебі, мектеп мұғалімдерінің 82% тұрақты мамандарды құрайды.

Практиканың алғашқы күндері мектеп ұжымының назарына «Білім берудегі жаңа трендтер» және «Білім алушы ұйым» ерекшеліктерімен таныстырылымды ұсындық. Мектеп ұжымымен жұмыс жасау барысында өзгерістерді басқаруды жоспарлау және жүзеге асыру үшін Джон Коттердің өзгерістерді басқарудың 8 қадамдық моделін басшылыққа алдық.

Жоба енгізу мақсаты: 1 ай ішінде 3 Ә, 9 А және 9Б сыныптарда «ойын мен геймификация арқылы оқыту» трендін жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын қалыптастыру.

Осы мақсатқа жетуді көздеген міндеттер:

- ойын және геймификация туралы материалдар жинақтау, зерделеу;
- тренингтер, коучингтер, семинар, талқылау сағаты, дөңгелек үстел, консилиум өткізу.
- тізбектелген сабақтар өткізу, бақылау;
- деректер жинау, талдау, қорытындылау.

Кіріс сауалнамасы алынып, қазіргі таңдағы мектептегі беріліп жатқан білімнің тиімділігін анықтадық. Осы сауалнама қорытындысы бойынша ұжымның басым бөлігі мектебімізде беріліп жатқан білімге қанағаттанасыз ба? сұрағына барлық мұғалімдердің 98 пайызы «иә» деп, жауап берсе, қалған 2 пайызы жауап беруге қиналды. «Білім беруде қай жағына көбірек көңіл бөлу керек деп, ойлайсыз?» сұрақтарына ұжымның пікірі әр түрлі болды: жан-жақты даму деген нұсқаға сауалнамашылардың жартысы жауап беріп, 20% оқушылардың сұраныстарына, келесі 20% оқушылардың жас ерекшеліктеріне, ал қалған 10% оқу мақсатына көңіл бөлу керек деп санады. Сабақтарда кері байланыс туралы сұраққа ұжымның басым бөлігі кері байланысты бағалауға айналдыра алатыны, ал 20% осы сұраққа жауап беруге қиналды. «Өзгеріс енгізу керек пе, командада жұмыс жасауға дайынсыз ба?» деген сұрақтарға бүкіл ұжым оң жауап берді. Сабақ беру барысында зерттеуді, түсіндіруді, дамытуды

және бағалауды ұжымның 90% оң жауап беріп, ал қалғаны жауап беруге қиналды. Біз таңдаған трендпен ұжымның барлығы жұмыс жасауға әзір болып шықты.



Өзгеріс жасау керектігін түсіндіру мақсатында басқаларға өзгерістің неліктен қажет екенін және мүмкін болатын өзгерістер туралы ой қозғау үшін жүйенің ағымдағы мәселелері туралы ашық пікірталасқа мүмкіндік беру арқылы әріптестеріміздің пікірін алдық. Бүгінгі күні мектепке қажетті бағыттар жан-жақты қаралып, курс барысында мектеп командасының таңдаған «Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» тренді таңдалынды. Ерекше пікірлер барысында: қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында «Рөлдік ойындар», ағылшын тілі сабақтарында «Сюжеттік ойындар», география сабақтарында «Деңгейлік ойындар», онлайн ойын интернет платформалар: Duolingo www.duolingo.com/, Classcraft www.classcraft.com/, Quizizz, Wordwall және т.б. туралы құнды да өзекті ойлар айтылғаннан кейін, біз ұсынып отырған білім алушы ұйымға айналу үшін қажеттіліктің ерекшелігі айтылды. Мектеп ұжымына деректер негізінде команда құру жоспары таныстырылып, алған ақпараттары негізінде ойлануға уақыт берілді. Нәтижесінде команда құрамындағы мұғалімдер келесі рөлдерге бөлінді: «Төраға», «Рәсімдеуші», «Идеяларды шығарушы», «Сыншы», «Орындаушы», «Команда тірегі», «Ресурстарды зерттеуші», «Аяқтаушы».

Таңдау геймификацияға түскеннен кейін өзгерістерді басқарудың 2-қадамына сәйкес: Қалыптан тыс ерекше шешімдер қабылдауға қабілетті жаңашылдар командасын қалыптастыру мақсатында 17 сәуір көшбасшы топтың ұйымдастыруымен мұғалімдердің қалауына қарай екінші отырыс өтті.

Талқылау барысында мұғалімдер арасында топ пен команда жұмысы, командаға құндылықтар таңдау, шығармашылық 3 «Ә» (гимназиялық сынып), 9 «А» (гимназиялық сынып), 9 «Б» (қалыпты сынып) сыныптары таңдалды, топтар құзіреттілігімен толық танысып, командаға мүше 20 мұғалімнің арасындағы рөлдер бөлінді:

№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы, білімі, ғылыми дәрежесі (бар болса), ғылыми атағы (бар болса)	Жобадағы маманның функционалы (жетекші, әзірлеуші, сарапшы және т. б.)
1	Бектемирова Гаухар Болатовна	Мектеп басшысы	Жетекші
2	Джакупов Жанат Мухамедович	Оқу жөніндегі орынбасар	Жетекші
3	Идрисова Назымгуль Бейсенбаевна	Тәрбие жөніндегі орынбасар	Жетекші
4	Мырзагалиева Гаухар Жамбаевна	География мұғалімі, педагог-зерттеуші, I деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім	Рәсімдеуші
5	Жунуспаева Калка Хамитовна	Тарих мұғалімі, педагог-зерттеуші, I деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім	Идея шығарушы / ойшыл
6	Жомартова Назым Жастлековна	Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, I деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім	Сыншы / бағалаушы
7	Асылханова Қымбат Насриденовна	Математика мұғалімі, III деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім, педагог-сарапшы	Жұмыс арасы / орындаушы
8	Джакипова Мақпал Алайдаровна	Биология мұғалімі, педагог-сарапшы	Жұмыс арасы / орындаушы
9	Пшенбаева Ляззат Тохтаровна	Биология мұғалімі, жоғары санат	Жұмыс арасы / орындаушы
10	Манай Баянсұлу Хуриметқызы	Химия мұғалімі, педагог-сарапшы	Жұмыс арасы / орындаушы
11	Айтқалиева Айнагуль Талғатқызы	География мұғалімі	Жұмыс арасы / орындаушы
12	Бектемирова Дина Жумабаевна	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, II деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім, педагог-зерттеуші	Жұмыс арасы / орындаушы
13	Смагулова Гульнар Ташметовна	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, II деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім, педагог-зерттеуші	Жұмыс арасы / орындаушы
14	Шман Қанат Кабиденұлы	Ағылшын тілі мұғалімі, магистр	Жұмыс арасы / орындаушы
15	Абрарова Альфинур Юрьевна	Ағылшын тілі мұғалімі, магистр, педагог-сарапшы	Жұмыс арасы / орындаушы
16	Хумарбек Айнур	Ағылшын тілі мұғалімі	Жұмыс арасы / орындаушы
17	Айтжанова Анар Джумагалиевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Жұмыс арасы / орындаушы
18	Какимова Жанар Бакеновна	Педагог - психолог	Команданың тірегі / ұжымшыл
19	Дюсенбаева Асият Сериккуловна	Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, I деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім	Өндіруші / ресурстарды зерттеуші
20	Нәжім Мейрімхан Бахрадинқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, II деңгейлік БАК өткен көшбасшы мұғалім, педагог-зерттеуші	Аяқтаушы / соңына дейін жеткізуші

Өз жұмысына өзгеріс енгізу жоспарын алға жылжытуға және ұстануға бағыттайтын адамдардан құралған көшбасшылар командасы тағайындалды. Сабақ өтетін пәндер таңдалды: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын және география. Жоспарға сәйкес мектеп командасы өз жұмыстарына кірісті: төраға- ресурстардың жақсырақ пайдалануын ортақ мақсаттарға алға жылжитын командаға жолды таңдады; рәсімдеуші- команданың

әрекеттеріне аяқталған форма береді, назарын бағыттайды және топтық талқылауларға және ортақ қызметтің нәтижелеріне белгілі ая берді. идеяларды шығарушы - топтың тап болатын басты проблемаларына ерекше көңіл бөліп, жаңа идеялар мен стратегиялар шығарды; сыншы - прагматикалық көзқарас тұрғысынан проблемаларды талдайды, команда теңгерімді шешімді қабылдай алатындай идеялар мен ұсыныстарды бағалады; жұмыс арасы — жоспарлар мен тұжырымдарды жұмыс рәсімдеріне айналдырады, қабылдаған міндеттерін жүйелі әрі тиімді орындады; команданың тірегі - жоба қатысушыларының рухын көтереді, қиын жағдайларда көмек көрсетеді, олардың арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға тырысады және жалпы, командалық жүріс-тұрысты жақсартуға септігін тигізді; өндіруші - жобалық топтан тыс команда үшін пайдалы болуы мүмкін жаңа идеялар, әзірленімдер мен ресурстарды анықтайды және олар туралы хабарлайды, барлық кейінгі келіссөздерді жүргізді; аяқтаушы - командада мақсатқа жетуде табандылықты танытты.

«Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» жобасын іске асыру үшін команда мүшелері келесі алгоритмді әзірледі:

1	«Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» - білім сапасын арттыруға апаратын жол» коучинг
2	«Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» үдерісін енгізу туралы сабақ кестесін жасау, оқушылардан сауалнама алу
3	«Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» үдерісіне негізделген сабақ жоспарларын құрастыру және талқылау, ресурстарды іріктеу
4	1-сабақтарды өткізу, оқушылармен сұхбат жүргізу, мониторинг шығару
5	Шығармашылық топ мүшелерінің «Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» үдерісін енгізу бойынша талқылау семинары
6	Ұсынымдар негізінде 2-сабақтарды ұйымдастыру, өткізу, талқылау
7	Сабақтарды талдау, сабақтағы кері байланыстырдың ерекшеліктерін қарастыру.
8	3-сабақты жоспарлау
9	3-сабақты ұйымдастыру, өткізу, талқылау
10	Оқушылардан, мұғалімдерден сауалнама алу
11	Қорытынды консилиум (аралық қорытынды шығару, ұсыныс енгізу)
12	Деректерді жинақтау, есептерді жазу


Жаңа көзқарасты насихаттау және қызығушылық танытқан адамдарды жоба жұмыстарына тарту мақсатында, өзгеріс енгізудің қажеттілігіне байланысты «Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» - білім сапасын арттыруға апаратын жол» атты коучинг өткізіп, қатысушылардан сауалнама алынды. «Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту» трендінің стратегияларын командамыздың «Төрағалары» бағыт бойынша жұмысты ұйымдастырды. «Рәсімдеуші», «Ресурстарды зерттеуші» және «Идеяларды шығарушы» мұғалімдер геймификация стратегиялары бойынша ақпарат даярлап, таныстырушы семинарларды өткізді. «Аяқтаушы» және «Сыншы» мұғалімдер сабақтарға қатысып, сабақтардың қорытындыларын даярлап, команданың күнделікті және апталық отырыстарында геймификация стратегияларын енгізу әдістемелерін, ақпарат көздеріне сәйкестігін талқылады. Отырыстар нәтижесінде сабақ тізбесі бойынша алдыңғы сабақтарға бағыттар беріліп, әдістемелер әзірленді. Жоба енгізу барысында бір қуантанарлық жағдай туындады: командалық жұмыс кезінде әр мұғалім өз рөліне сәйкес бірлесіп жұмыстарды атқарды. Жаңа көзқарасты іске асыру үшін жағдай жасау: кедергілерді жою арқылы іс-қимылдарды жандандыру, өзгерістер іске асыруға және тиімді нәтижелерге қол жеткізуге кедергі болатын қиындықтарды анықтау және жою үшін сабақ беру үдерісі басталды. «Орындаушы» мұғалімдер геймификация стратегияларын қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және география сабақтарына енгізді.

Тізбектелген сабақтарға мектеп командасының мүшелерімен қоса әдістемелік бірлестіктер төрағалары, сонымен бірге мектебіміздің жас мамандары қатысты. Сабақтарда ойын мен геймификация әдістерін, тәсілдер мен стратегияларын енгізге отырып, біз жобаның әсерінен сыныптарда өзгерістерді байқау үшін оқушылардың білім сапаларына, сабақтарға деген қызығушылық пен белсенділіктеріне, пән бойынша дағдыларына (сөйлеу, жазу) назар аудардық. Өзгерістерді байқау мақсатында пән мұғалімдері сынып жетекшілерімен бірге келесі көрсеткіштерге мониторинг жасады. Ол мониторингтің қорытындыларын біз апталық және қорытынды отырыста қарастырдық. Осы отырыстарда сабақ қорытындылары талқыланып, командалық жұмыстың нәтижелері де анықталды. Команда мүшелерімен сұхбаттасу арқылы келесі қорытындыға келдік:


- Команданың жұмысына мұғалімдердің «қанағаттанарлық» екендігі байқалды;
- Команда мүшелерінің бірлесіп жұмыс істегендері ұнады;
- Сабаққа өзара қатыса алмағандығы жайлы және кейбір мұғалімдердің ортадан шыға алмауы, тәжірибемен бөлісікісі келмеуі де орын алды.
- Уақыттың шектеулігі, ресурстардың аз болуы да кедергілер болып табылды;
- Отырыстар барысында мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасып, жаңа әдістерді қолдануға және география, орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдерінен сабақта ойын алгоритмге сәйкес сабақ өткізуді үйренді. Осы іс-әрекеттерде мұғалімдердің кәсіби дағдылар дамуының мүмкіндігі анық байқалды; Мектеп командасының жұмысы мұғалімдердің оқытуын жақсартуында, сыныптағы барлық оқушылардың білім сапасының артуына үлкен әсер еткені байқалды.

Оқушыларға сауалнама жүргізу. Жобаны енгізу барысында оқушыларда өзгерістерді байқау мақсатында кіріс-шығыс сауалнама өткіздік. Сауалнаманың нәтижелерін талдап келесі шешімдерге келдік: ойын мен геймификация арқылы оқыту әдістері арқылы оқушыларда оқу үрдісіне қызығушылықтары өсті. «Саған мектепке келген ұнай ма?» деген сұрақ бойынша оң динамика байқалды. Екінші, үшінші және төртінші сұрақтардың қорытындысы бойынша АКТ, рөлдік және сюжеттік ойындар арқылы сабақтар оқушылар үшін қызық формада өтетінін анықтадық. Осы сауалнама арқылы мұғалімдердің сабақтағы әрекеттерінде де өзгерістерді байқадық; сабақтардың өткізу формаларының, қосымша материалдардың қолданылуының және бағалаудың мөлшері ұлғайды.


1. Сабақ мектепке келік ұнай ма?




2. Сабақтарды өтуі ұнай ма?




3. Сабаққа белсенді қатысасыз ба?



4. Ереңге өтешін сабақ бола ма?




5. Сабақшы мұғалім қызықы өмізіме?




6. Оқулықпен басқа қосымша материалдар беріле ме?



7. Әр сабаққа бағалау бола ма?




Білім сапасы. Білім сапаларының мониторингін жүргізу үшін біз зерттелетін сыныптардың III тоқсанның бөлім бойынша және IV тоқсанның тоқсандық бойынша жиынтық бағалау нәтижелерін алдық. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 9 Б сыныбында 9% оң динамика байқалды.



9 Б сыныбы, орыс тілі мен әдебиеті пәні


Мектеп жоспарына сәйкес 9 Б сыныбында Lesson Study зерттеуі C деңгейлі оқушылардағы өзгерістер байқалды.



9 Б сыныбы, орыс тілі мен әдебиеті пәні


Lesson Study бойынша C деңгейлі оқушылардың білім сапалары

Пәндік дағдылар. III тоқсанның бөлім бойынша және IV тоқсанның тоқсандық бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінен тілдік пәндерінде оқушылардың орыс тілі мен әдебиеті пәнінен пәндік дағдыларының да оң динамикасы байқалды: тыңдау – 12%, сөйлеу – 4%, оқу – 7%, жазу – 14%.




9 Б сыныбы, орыс тілі мен әдебиеті пәні

Lesson Study бойынша А, В, С деңгейлі оқушылардың сабақтағы іс-әрекеттер. С деңгейлі оқушылардың сабақтағы іс-әрекеттер: қазақ тілі сабақтарында ынталары орташа оқушылардың (Жунусов Нурислям, Какенова Балжан, Кайргельдинов Арлан, Қанафия Санжар, Қабидолла Бағұстар) сабаққа деген қызығушылықтары, сабақтағы белсенділіктері, сын тұрғысынан ойлау қабілеттері өсті.



Орыс тілі мен әдебиеті пәні



Ағылшын тілі пәні

Ұжымдағы өзгерістер.

Ұжымдағы өзгерістерді анықтау мақсатында қайта сауалнама өткіздік. «Білім берудегі қай жағына көбірек көңіл бөлуді қалайсыз?» сұрағы бойынша өзгеріс: ұжымның 60% оқу мақсаттарына көңіл бөлу керек екен деп жауап берді: ұжымның оқу мақсаттарына ерекше көңіл бөлу керектігі туралы тұжырым қалыптасты.



«Мектебімізде беріліп жатқан білімге қанағаттанасыз ба?» деген сұрақ бойынша кіріс сауалнамада 98% жауап берсе, шығыс сауалнамада 90% оқу мақсаттарына көңіл бөлу керек екен деп жауап берді.



Қорытындылай келсек, жоба енгізуде орыс тілі мен әдебиеті сабағы бойынша білім сапасының өсуі, ағылшын тілі пәнінен пәндік дағдылардың, ынтасы төмен оқушыларда сабаққа деген қызығушылықтардың өсуі.

Ойын мен геймификация арқылы оқытуды дамыту бізге не берді:

- Мұғалімдердің сабаққа дайындығының егжей-тегжейлі болуы, оқушының дамуын басты бағдарға қоюды;
- сабаққа қатысты ресурстарды алдын-ала дайындау, оны оқушының таңдау мүмкіндігіне назар аудару;
- уақытты басқара алу, жаңа жолдарды қарастыруды, балама идеялар тануда оқушы құзыреттілігін көтеру;
- бағалаудың белгілі қадамдармен жүзеге асуы, процеске қатысу арқылы өз деңгейін көру және сол үшін баланың қадамдарды бағындыруы;
- мұғалімнің фасилитаторлық қызметін көрсетті, оқушының орындау және іздену деңгейінің шектігі жоқ екендігіне көз жеткізді.
- мұғалімдердің командада жұмыс істеу мәдениеті арта түсті.

Нәтиже:

- Оқушылар мен мұғалімдердің процеске бағдарланған оқу құзыреттіліктері дамыды, жүйелі жұмыс істейтін мұғалімдер командасы құрылды (2 команда құрылды: геймификация
- оқушылардың, педагогтер мен әкімшіліктің процеске бағдарланған оқуды қолдайтын мектептің жаңа дәстүрлері қалыптасты, сабақта мұғалім нұсқаушы, балалар ізденуші, дамушы топ;
- оқу білім мен дағдыларды қалыптастыру әдістеріне, кейін оны шынайы өмірде қолдану мүмкіндіктеріне ықпал етті;
- Оқушылардың және мұғалімдердің ішінен 25-30 % процеске ойын мен геймификация арқылы оқытуды жүзеге асырды.

Жобаны жүзеге асыруда мәселелер:

- мұғалімдердің жайлы ортадан шыққысы келмеуі;
- жаңа идеяны енгізуде түсінікті, дайын ақпаратты талап етуі;
- дайын үлгімен жұмыс істеуге қажетсінуі;

Болашаққа даму бағдарлары:

- үнемі дамуда, ізденісте болу қажеттілігін түйсіну және оны дамытушы командалардың құрылуы мен оны жүзеге асырудың жәстүрге айналуы;
- дайын үлгіден бас тарта отырып, өзіндік ізденіс арқылы жаңа тәжірибелерді жинақтауы;
- жинақталған тәжірибелерді жүйелеу, енгізу және дәстүрге айналдыру;
- Команда өз тәжірибесінің жұмысын 2023-2024 оқу жылында ары қарай жалғастырып, қала, облыс және республика көлемінде тәжірибе алмасу, мақалалар жариялау, шеберлік сағаттарын өткізу.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы.

2022-2023 оқу жылы бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- оқушыны білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Мектептегі бастауыш оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары- баланың білім игеру кезіндегі ойлау қабілетін қалыптастыру сол арқылы таным әрекетін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуының бастамасы болып табылады.

Біздің әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: *«Бастауыш сынып білім алушыларын оқуға бейімдеу жағдайында функционалды дамыған тұлға қалыптастыру».*

Мақсаты:

- Білім сапасын арттырудың қазіргі педагогикалық технологияларын білім тәрбие беру үрдісіне енгізіп, жетілдіру;
 - Шығармашылық топтардың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми- әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту.
 - Жеке тұлғаны зертханалық, ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу.
 - Үлгермеушіліктің алдын алу және білім беру қызметінің сапасын арттыру.
 - Мұғалімдердің оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесін арттыру.
- Мектептің инновациялық жоба жұмысын қолға алу.

Міндеттері:

- жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасай отырып, оқушылардың зерттеу-ізденушілік бағытындағы жұмыстарын дамыту;
- пәндік олимпиадаға, ғылыми жобаға дайындықтың тиімді тәсілдерін қарастыру;
- мұғалімдердің шығармашылық кезеңдер жоспары бойынша жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары(авторлық бағдарлама, жинақтар, әдістемелер) арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу.
- мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша жұмыстарын жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бағытында жүргізіп, жаңа форматтағы тапсырмалар жинағын дайындауға көңіл қою.
- күнделікті білім беру үрдісінде әлеуметтік желілерді, бұлтты сервистерді, QR-кодтау технологиясын тиімді қолдану;
- күнделікті тәжірибеде Quizizz, Kahoot, Quzle, Padlet, Plikers интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесін арттыру.
- бірлестікте инновациялық жобалармен жұмысты енгізуді қолға алу.
- жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып, білім сапасын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

- оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;
- дарынды оқушылармен жұмыс нәтижесінде олимпиада, ғылыми жоба, түрлі байқаулар жеңімпаздарының санының артуы.

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінде 20 мұғалім жұмыс істейді. Барлығы да жоғары білімді ұстаздар. Оның ішінде 2 магистр, 8 педагог –зерттеуші, 3 педагог – сарапшы, 1 педагог – модератор ұстаздарымыз бар. Осы оқу жылында оқушылар да, ұстаздар да барлық іс - шараларға белсене қатысты. «Оқуға күштар мектеп» Республикалық балалар оқулары байқауының Құрмет грамотасы иегері 3 А сынып оқушысы-Сахаба Хамза (Махамбетова Б.К.) Апсамат Бекарыс 3 Ә- Айтжанова А.Ж. 4Г сынып оқушысы Ахат Аяла – Жомартова Н.Ж, Сынып жетекшілеріне алғыс білдіреміз.

Республикалық «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына 77 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Белсенді қатысқан сыныптар 1 «Ә»-Аманжолова Г.Ж 2 А- Ергалиева Б.С 2Ә-Нуралин Р.Б. Сонымен қатар оқушыларымыз Халықаралық «Кенгуру» сайысына қатысып, көптеген оқушылар дипломдармен марапатталды. Облыстық «Алтын сақа» Құрманбай Ернұр 3- орын, Бусурманов Санжар (Махамбетова Б.К.Сырнай Б). Қабыш Байназар «Бастау» математикалық турнир ІІІ дәрежелі диплом (Ергалиева Б.С.).

1-сыныптар арасында «Балалар жылына арналған «Әліппе атасы» қалалық байқауы «Көркем сөз» қалалық сайыста 1 А - Балтаев Ерхан(Абраева Д.Б) 1 Б сынып оқушылары: Тасболатова Раяна, Малатай Алихан (Дюсенбаева А.С.) жүлделі орындарға ие болды. Қалалық «Абай оқулары» байқауы бойынша барлық номинациялардан жүлдегерлер болды. Жетекшілері: Аманжолова Г.Ж. Нуралин Р.Б Айтжанова А.Ж. Сыныптан тыс ұйымдастырылған шаралар бойынша Республикалық «Жұлдызды бала» өнер-байқауы. Бас жүлде Жетекшісі: Уразкенова С.К. Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне байланысты өткізілген мектепшілік іс шараға да бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысты. 1-2 сыныптар өлең айтудан челленджге , 3-4 сынып оқушылары сурет салудан сайысқа қатысып, барлық жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланды.

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі апталығы 13-25 қаңтар аралығында болып өтті. Тақырыбы: «Бастауыш-білім бұлағы».

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының әр пәннен ауызша, жазбаша ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушылардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыру және шығармашылыққа баулу . Бастауыштан барлық пәндер басталатынын ескере отырып, әр пәнге жеке тақырыппен жеке күндерді жоспарладық. Ұтымды ұйымдастырылған шараларға тоқталсам, «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз» тақырыбында көркем жазу байқауы болып өтті. Байқауға 1-4 сынып оқушыларынан 45 оқушы қатысты. Бастауыш сынып оқушылар бір кабинетке жиналып отырды. Байқауды ҰҚТ тәрбиешісі Уразкенова С.К. жүргізді. Мектепшілік балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин оқуларына арнап, мәнерлеп оқудан сайыс өткізілді. Мұғалімдер: Айтжанова А.Ж. Сырнай Б. «Өнерлінің қолы алтын » тақырыбында өнерлі оқушылардың қолынан жасалған бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Қағаздан бүктеу арқылы оригами бұйымдар, тоқыма заттар, табиғи материалдан жасалған түрлі қызықты мүсіндер қойылды. 1Ә, Б 2Ә, Б, В сыныптары белсенді қатысты. «Логика әлемі» бойынша «Басқатырғыштар әлемі» интеллектуалды ойынын 2 -3 сыныптар арасында Ергалиева Б.С өткізді. Топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулуды жоспарлады. Оқушылар белсенділік танытты. 3 Б, 2А, Ә сыныптары жеңіске жетті. 1-4 сыныптар арасында «Жол тәртібін сақтайық, Аман –есен болайық!» тақырыбында С.К.Уразкенованың ұйымдастыруымен мектептің акт залында өтті. Сахна тақырып бойынша жабдықталып, безендендірілді. Апталық жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ұстаздарымыздың ғылыми-әдістемелік қызмет қорытындысына келетін болсақ, өздерінің педагогикалық тәжірибесімен бөлісу мақсатында жұмыстарын әр түрлі форумдар мен семинарлар мен баспа беттерінде ұсынды.

№	Мұғалімнің аты-жөні	форматы	деңгейі
1	Дюсенбаева Асият Сериккуловна	Мектепке дейінгі және мектептегі білім берудің сабақтастығы: тәжірибе шеберханасы	І Республикалық форум 07.12.2022ж
2	Уразкенова Сақыпжамал Кабдрашевна	«Оқуға құштар мектеп жобасын қала мектептерінде енгізу әдістемесі мен практикасы атты қалалық конференциясында тәжірибемен бөлісу»	24.03.2023 қалалық
3	Дюсенбаева Асият Сериккуловна		
4	Айтжанова Анар Жумағалиевна		
5	Сырнай Бакытгуль		
6	Аманжолова Гульнар Жастлековна	«Өрлеу» БАҰО» АҚ Филиалы «Павлодар облысы бойынша Кәсіби даму Институты Бастауыш сынып /1-4 сыныптар/ мұғалімдерінің «Математика»,	01-12.08.2022 облыстық

		«Қазақ тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту.коучинг форматы	
7	Аманжолова Гульнар Жастлековна	«Жетекші мектеп инновациялық трансформациялардың көшбасшысы ретінде»тақырыбындағы Жетекші мектептердің облыстық форум	«Педагогикалық шеберлік орталығының» Павлодар қ 09.12.2022 облыстық
8	Дюсенбаева Асият Сериккуловна		
9	Адамова Алмагуль Бейсенбаевна		
10	Махамбетова Ботагөз Кайргельдиновна		
11	Жомартова Назым Жастлековна		
12	Нуралин Рустем Бейбитович		
13	Жомартова Назым Жастлековна	«Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін жүргізілетін тиімді тәжірибелік жұмыстар негіздемесі» атты облыстық семинар аясында «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамытудың ерекшеліктері»	«Өрлеу» БАҰО»АҚ Филиалы «Павлодар облысы бойынша Кәсіби даму Институты 04-11.2022

Баспа өнімдерін мақалаларын әдістемелік журнал беттерінде жариялаған 5 ұстаз:

4	<p>1.ІІІ- тоқсан қорытындысы</p> <p><i>а) Оқушылардың сабақ үлгерімі</i></p> <p>2.Қазіргі кездегі дұрыс мамандық таңдау- сәтті болашақ</p> <p><i>а) Эмтихан тапсыру жағдайында оқушыларға қолдау көрсету.</i></p> <p><i>б) Эмтиханға дайындықтың кешенді тәсілі</i></p> <p><i>в) психологиялық кеңестер</i></p> <p>3. Сыныптан сыныпқа көшу емтихандары және сабақ үлгерімі.</p> <p>5. Әр түрлі мәселелер</p>	31.03.2023	<p>Мектеп директоры</p> <p>ДТІЖО</p> <p>ДҚТІЖО</p> <p>Мектеп инспекторы</p> <p>Психолог</p>
5	<p>1.IV - тоқсан қорытындысы</p> <p>2.Жазғы демалыстар</p> <p>(1-7 сыныптың ата-аналары)</p> <p>а) «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы» жазғы сауықтыру лагерінде демалуы туралы</p> <p>б) жазғы кезеңде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу</p> <p>3. Оқу жылының аяқталуы</p> <p>4. Әр түрлі мәселелер</p>	31.05.23	<p>Мектеп директоры</p> <p>ДТІЖО</p> <p>ДҚТІЖО</p> <p>Мектеп инспекторы</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p>

Ата -аналармен жұмыстың негізінде «Қамқоршылық кеңес», «Бракераждық комиссия» «Әжелер клубы» және әр сыныптағы комитеттің «Төрайымдар алқасы» топтарымен тиімді де қызықты жұмыстар жүргізілді. Оны мына кестеден көруге болады:

№	Өткізілген іс-шаралар	Мерзімі		Қатысқан ата -аналар	
		2021-22 оқу жылы	2022-23 оқу жылы	2021-22 оқу жылы	2022-23 оқу жылы
1	Ата -аналар жиналысы	Қыркүйек	05.09.2022 ж	46	185
		Қараша	10.11.2022 ж	50	360
		Желтоқсан	12.01.2023 ж	156	420
		Наурыз	31.03.2023ж	109	310
		Мамыр	31.05.23ж	100	309
2	Қалалық іс-шара	0	0	0	15
3	Ашық есік күні	0	1. 28.12.2022	0	315
			2. 25.05.2023		50
4	Наурыз мейрамы	17 наурыз	23 наурыз	10	45
5	Отбасымен кітап оқимыз -онлайн видео	Қазан	Қараша	120	250
6	Сауалнама алаңы	0	Мамыр	0	80
	«Ертегі айтып беремін» -әжелер клубы	0	Сәуір	0	6 әже



Қорытынды:

- Былтырғы оқу жылына қарағанда ата-аналардың мектеп өміріне қатысу белсенділіктерінің артуы;
- Жалпымектептік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің жүйелі жұмысы;
- Ата -аналардың мектеп өміріне қызығушылықтарының артуы;

Ұсыныс:


- Әлеуметтік жағдайы төмен нашар отбасы және «жайсыз» отбасыларын анықтау жұмыстарын күшейту;
- Ата -аналармен жұмыстың заманауи формаларын жүзеге асыру, дамыту
- сынып жетекшілеріне ата-аналармен тығыз, сенімдеріне кіру арқылы, қоғамдық жұмыстарға құлшындыру.

Оқушылардың сабаққа қатысу жұмысы:

Аталмыш 2022-2023, оқу жылы барысында №35 жалпы орта мектебінде оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң түрде қадағаланды. Әр күн сайын әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерінің қатысуымен және кезекші әкімшілікпен сыныптар арасында сабаққа дейін рейд жүргізіледі. Рейдтің қорытындысы бойынша, егер себепсіз қалған оқушы болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап, кейін ол оқушыдан түсініктеме талап етіледі. Күнделікті сабаққа кешігетін оқушыларды тіркейтін журнал ашылған. Оқушылардың сабақ босатуының негізгі себебі: денсаулық жағдайына байланысты болып жатады. Әрине олардың анықтамалары бар. Егер оқушы сабақты себепсіз 3-4 күн босатса, комиссия мүшелері тағайындалып, оқушының ата –анасымен байланысқа түсіп, акт жасалады. Комиссия мүшелері міндетті түрде мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі және тәрбие ісінің меңгерушісінен құралады.

Сабаққа жиі кешігетін оқушылармен, ата -анасының қатысуымен әңгіме жүргізіліп, хаттама жазылады. Дегенмен былтырғы оқу жылына қарағанда, оқушылардың сабаққа қатысуы 80 пайыз түзелді. Себебі сабаққа кешігетін және көп босататын оқушылармен биылғы оқу жылында өте қарқынды жұмыс жүргізілді, қатаң қадағаланды, үнемі бақыланды. Нәтижесін мына кестеден көруге болады.

№	Кешіккен оқушылар	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		
		Қыркүйек	Саны	Қыркүйек	Саны	
2	Сабақты көп босатқан оқушылар	Қазан	28	Қазан	15	
		Қараша	32	Қараша	10	
		Желтоқсан	40	Желтоқсан	12	
		Ақпан	33	Ақпан	8	
		Наурыз	42	Наурыз	9	
		Сәуір	48	Сәуір	5	
		Мамыр	50	Мамыр	3	
		2021-2022 оқу жылы		Саны	2022-2023 оқу жылы	Саны
		Қыркүйек	58	Қыркүйек	50	
Қазан	40	Қазан	42			
Қараша	42	Қараша	30			
Желтоқсан	60	Желтоқсан	25			
Ақпан	79	Ақпан	25			
Наурыз	65	Наурыз	25			
Сәуір	50	Сәуір	10			
Мамыр	33	Мамыр	10			



Қорытынды:

- Оқушыларға қатаң талап қоймаудың нәтижесі;
- Сынып жетекшілеріне және пән мұғалімдеріне белгілі бір талап қоймаудың нәтижесі.

Ұсыныс:


- Оқушылардың сабаққа кешігу, сабақты көп босату үрдістерімен жүйелі түрде, дәйекті бір форманы қолдана отырып, нәтижеге жету
- Мектеп парламентімен жоспарлы түрде, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізу
- Ата-аналармен осы бағытта тұрақты нәтижелі жұмыс формасын анықтау.

Оқушылардың бос уақытын қамту жұмыстары:


1. Секция жұмыстары

№	Секция	Жетекші	Қорытынды есеп					
			2021-22 оқу жылы			2022-23 оқу жылы		
			Респуб.	Облыс	Қала	Респуб.	Облыс	Қала
1	Волейбол	Байжырыков Д.Б.	1	1	10	1	1	10
2	Баскетбол	Жумжуманов Д.Г.	1	1	35	4	13	28
3	Футбол	Баймуса М.С.	0	0	0	0	0	0
4	Футбол	Рустемханов А.С.	0	0	0	0	0	0
5	Теннис	Бахитов Р.К.	0	0	0	0	0	0
6	Жеңіл атлетика	Маликова Ж.М.	0	0	0	0	0	0

2021-2022 оқу жылының көрсеткіші



2022-2023 оқу жылының көрсеткіші



Осы диаграммадан көрініп тұрған мәселенің қорытындысы:

- Белгілі спорт түрлерінен өте жақсы нәтиже бар, себебі, спорттың волейбол, баскетбол түрлері өте кең тараған, жақсы дамыған және осы спорт түрлеріне ең көп жарыстар өткізіледі.
- Футбол, теннис, жеңіл атлетика түрлерінен мүлдем нәтиже жоқ, өйткені, бұндай спорт түрлерінен қалалық жарыстар мүлдем жоқтың қасы десе де болады, негізгі мамандар жоқ, нәтижелі болу үшін облыстық, қалалық жарыстар жиі өткізілмейді, өткізілсе де, атүсті ұйымдастырылады.

Ұсыныс:

- Футбол, теннис, жеңіл атлетикадан мектепшілік және көршілес мектептің мұғалімдерімен бірлесіп, түрлі жарыстар ұйымдастыру;
- Осы спорт түрлерінен ақпараттармен жиі танысып, іздену, дамыту және жарыстарға қатыстыру.

Жалпы 2022-23 оқу жылының тәрбие жұмысының сараптамасын талдай отырып, мынадай қорытынды жасалынды:

1. Туындаған мәселелер:

- Әлі де болса жетекшілердің танымдық-қызығушылықтарын дамытуға бағытталған іс-әрекет әлсіз, шараларды ұйымдастыруда жаңа әдіс-тәсілдерді аз қолданады

2. Оқу-тәрбие жұмысының әлді жақтары:

- Тәрбие жұмысы мектептің 2022-2023 оқу жылдарға арналған тәрбие берудің кешенді бағдарламасын орындау мақсатында жүйелі түрде іске асырылуда;
- Ата-аналармен жұмыс жақсы деңгейде құрылған, мектеп, оқушы, ата-ана үштік одағының бірлігі тәрбие жұмысының ең тиімді тәсілдерінің бірі болып қалыптасқан
- Сынып сағаттарының жылдық жоспары оқу білім министрлігінің концепциясымен тығыз байланысты жасалып, жүйелі түрде жүзеге асқан;
- Оқушылардың сабаққа қатысуы мен кешікпеуі жүйелі жолға қойылған, нәтижесінде бұл жұмыс өз мақсатына жеткен.

Оқу-тәрбие жұмысының әлсіз жақтары:

- Сынып жетекшілерінің бірлестігінің жұмысы әлсіз, жүйелі жұмыс жасамаған;
- Сынып жетекшілерінің тәрбиелік жарыстарға қатысу үрдісі өте төмен, сынып жетекшілерін түрлі жарыстарға белсенді қатыстыру алгоритмі жоқ, концепциясы жасалынбаған және қатыстыру қызығушылықтарын дамыту үшін жағдай жасалынбаған, белгілі бір жоспары жоқ;
- Оқушылардың бос уақытын қамту жұмыстары жолға қойылмаған, белгілі бір қадағалау, тексеру және сараптама жұмыстары әлсіз ұйымдастырылған, іс-қағаздары толық емес.
- Мектеп парламенті мен президентінің жұмысы терең ұйымдастырылмаған.

3. Ұсыныстар:

- Сынып жетекшілер оқушылардың бойында жауапкершілік, өз міндеттерін дұрыс бағалай алу, дұрыс шешім қабылдай білу қабілеттерін дамыту;
- Ата-анамен мектеп арасындағы тәрбиелік құндылықтар жұмыстарын күшейту;
- Сабақты себепсіз босататын оқушылармен жұмысты қатаң түрде бақылау және бұл жұмысқа мектеп инспекторын, психологты қатыстыру;
 - Оқушылардың сабаққа кешігіп келу үрдісінің нәтижесін 90% жолға қою

4. Келесі оқу жылын жоспарлау:

1. «Әжелер әдебі» клубын ұйымдастыру

2. «Әкелер әңгімесі» клубын ұйымдастыру
3. «Фототүсіру тобы» үйірмесін ұйымдастыру
4. Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының тиімді және жүйелі болу алгоритмін құрып, қадағалау қағидаларын жүзеге асыру
5. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмысын дамыту, жүйелі түрде жұмыс жасау
6. Мектеп оқушыларының қызығушылығын, қажеттілігін, икемділігін және де басқа да ерекшеліктерін зертеу мақсатында; сынып сағаттары, тренингтер, сауалнамалар, идеялар мен ұсыныстар аукционы сынды жұмыстарды ұйымдастыра отырып, олардың ұсыныстарын алдағы тәрбие жұмысын жоспарлауда негізге алу.

10. ЖҰМЫСЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КАРТАСЫ

11. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Жұмыстың мақсаты: білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық қолдау, оқушылардың толыққанды психикалық дамуы мен олардың жеке басын қалыптастыру үшін қажетті психологиялық жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттер:

- Оқу – тәрбие процесін психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау;
- Білім алушыларда өзін, өзінің қабілеттерін, бейімділіктерін бағалай білу, таңдау жасау (мінез-құлық, кәсіби), маңызды білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- Ата-ана құзыреттілігінің деңгейін арттыру, баланың дамуына оңтайлы жағдай жасауда ата-аналардың рөлін жандандыру;
- Әр түрлі жас санаттарындағы "тәуекел тобындағы" оқушыларды анықтау және психологиялық сүйемелдеу.
- Педагогтарға әр түрлі сұрақтар бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Кәсіби міндеттерді шешу және психологиялық қызметтің негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін биылғы оқу жылында жұмыс негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Диагностикалық
2. Түзету – дамыту
3. Консультация
4. Ағартушылық
5. Ұйымдастырушылық – әдістемелік

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ

Педагог-психолог жұмысында бұл бағыт маңызды блоктардың бірі болып табылады, соған сәйкес барлық жұмыс осы бағыттан бастау алады.

• Адаптация.

1 сынып оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау барысында оқушыларға зерттеу жұмысы жасалды. Зерттеу жұмысына қатысқан оқушылар саны – 68. Өткізу мерзімі: қыркүйек – қазан.


Зерттеу барысында: сабақтарға және ата-аналар жиналыстарына қатысып, мұғалім – ата – ана – оқушы қарым – қатынасы анықталып, ата – аналардың ұсыныстары ескерілді. Мұғалімдер мен ата – аналарға арнайы кеңес-ұсыныстар берілді. Психологиялық қызметтің жоспарына сай МЭДИС әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты : баланың жеке интеллектісінің құрамын зерттеп, бастауыш мектепте оқуға дайындықтары туралы ақпараттық бағыт алу.

1-сынып оқушыларының диагностикасының нәтижелерін талдау анализі

Сынып	1 «А»	1 «Ә»	1 «Б»
Жоғары деңгей	4%	9%	4%
Орта деңгей	52%	31%	61%
Төмен деңгей	43%	59%	35%

1 – сынып оқушыларынан алған әдістеменің салыстырмалы көрсеткіші




Қорытынды: Жалпы сынып оқушыларының бейімделулері қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды. Тест бойынша 4 оқушының мектепке дайындығы жоғары, 43 оқушыда орташа, 22 оқушының көрсеткіші төмен деңгейде екенін көрсетті.

«Кактус» әдістемесі. **Мақсаты:** баланың эмоциялық сферасының жағдайын, ашушаң дығының қарқынын айқындау.

2-4 сынып оқушыларының психодиагностикасының нәтижелерін талдау анализі


Сынып	2 А	2 Ә	2 Б	2 В	3 А	3 Ә	3 Б	4 А	4 Ә	4 Б	4 В	4 Г
Жоғары	10%	5%	8%	8%	12%	17%	19%	30%	20%	17%	59%	85%
Төмен	90%	85%	82%	77%	0%	12%	19%	0	8%	34%	34%	5%
Орта	0%	10%	10%	15%	88%	71%	62%	70%	62%	48%	48%	10%

Қорытынды: алынған нәтижелерді қорытындылай келе, 2 сыныптар бойынша өзін – өзі бағалаудың жоғары деңгейі «7%», 3 сыныптың параллель оқушылары арасында «25%». 4 сыныптар арасында «30%» басым екенін көрсетті. «Баспалдақ» әдістемесі. **Мақсаты:** 2-4 сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.



Қорытынды : Диагностика нәтижесін қортындылай келе , жалпы сыныптар арасында оқушылардың өзін –өзі бағалаулары қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды. Өздерін төмен бағалаған оқушыларды бақылап, зерделеу, түзету жұмыстарын жүргізіп, сынып жетекшілерімен тығыз байланыста болу. 5 сынып оқушыларының бейімделу үрдісі 2022 жылдың қазан айынан басынан бастап наурыз айына дейін жалғасты. Зерттеу жұмысын өткізу үшін педагог – психолог келесі жұмыстарды жасады: 5 сыныптар арасында «Мектеп мотивациясының деңгейін бағалау» сауалнамасы жүргізілді. **Мақсаты :** оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Қатысқаны - 59 оқушы.

5 сынып оқушыларынан алынған сауалнаманың салыстырмалы көрсеткіштері



Қорытынды: 5 сыныптарда өткізілген оқушылардың оқу мотивацияның деңгейі бойынша диагностика қортындысы оқушыларға және сынып жетекшілерге жеткізілді. Зерттеу нәтижесін қортындылай келе, жалпы оқушылардың оқуға деген ынтасы қанағат- танарлық деңгейді көрсетті. 3 оқушыда мотивация деңгейі жоғары болса, 47 оқушыда орта 9 оқушының көрсеткіші төмен екендігі анықталды. **6-9 сынып** оқушыларының «оқу мотивациясын бағалау» әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеу қорытындысы, сынып жетекшілерімен және оқушылардың өздеріне жеткізілді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары орташа деңгейде екені анықталды. Жалпы 6-9 сынып оқушыларының арасынан (258) жоғары деңгей 34 оқушы-13%, орташа-162 - 63%, төмен 62-24%


«Оқу мотивациясы» 6-9 сыныптар

сынып	6	7	8	9
жоғары	8	12	9	5
орташа	26	38	35	63
төмен	13	16	9	24



9 – 11 сынып оқушыларынан алған «Өзін -өзі бағалау» әдістемесінің салыстырмалы көрсеткіштері

Сынып	9		10		11	
Жоғары	33	39%	11	4%	19	24%
Қалыпты	54	61%	26	77%	33	76%
Төмен			8	19%		




Қорытынды: Жалпы сыныптар бойынша өзін - өзі бағалау диагностикасын қорытындылай келе, оқушылардың өздерін бағалаулары қалыпты деңгейде екені анықталды. Өздерін жоғары және төмен бағалаған оқушылармен коррекциялық жұмыстар жүргізу, өзгеріс динамикасын бақылау.

Сынып жетекшілерге берілген ұсыныстар:

1. Өздерін төмен бағалаған оқушылармен жеке дара жұмыс жүргізу, ақыл-кеңестер беру, бағалауларын жоғарлату тренингтеріне қатыстыру. (неге өздерін төмен бағалайтынын анықтау)
 2. Төмен бағалаған оқушыларды назарда ұстау, бақылау және мұғалімдерімен, ата -аналарымен жекелей жұмыстар жүргізу қажет.
- 8-10 сынып оқушыларымен «Алаңдаушылық деңгейді анықтау» Кондаш әдістемесі жүргізілді. **Мақсаты:** оқушылардың алаңдаушылық деңгейлерін анықтау. Қатысқаны: **181**

8 – 10 сынып оқушыларынан алған «Алаңдаушылық деңгейін анықтау» әдістемесінің салыстырмалы көрсеткіштері



Ұсыныс:

1. Аландаушылықпен анықталған оқушылармен коррекциялық сабақтар жүргізу.
2. Сынып жетекшімен, психологпен бірігіп әңгімелер, жеке кеңестік жұмыстар, тренинг жаттығуларын жүргізу қажет.
3. Оқушылар таза ауада жиі демалып, дұрыс тамақтанып, жақсы, өздеріне ұнайтын әуендерді тыңдау, жеңіл, қызықты кинолар көру және келешекке орындай алмайтын қиын мақсаттар қоймау керектігін түсіндіру.

«Оқушылардың кәсіби бейімділіктерін анықтауда», жоспарға сәйкес диагностикалар жүргізілді. **Мақсаты:** негізгі және жоғары буын оқушыларына өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, болашақ кәсібін саналы таңдау жасауға көмектесу. Қараша айында 2022-2023 оқу жылына кәсіби бағдар жұмысының жоспары құрылып, талқыланды. **Edunavigator.kz** сайтымен таныстырылып, 7–9 сынып оқушылары тестен өткізілді. (қатысқаны 264 оқушы). Жүргізілген әдістеменің нәтижесі, оқушыларға түсіндіріліп айтылды. 9 сыныптарда «И.С.» Г.Гарднер сауалнамасы өткізілді. **Мақсаты:** оқушылардың белгілі бір мамандыққа кәсіби бейімділіктерін анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша, оқушылардың бейімділік қызығушылықтары толық анықталмады. Себебі оқушылар, немқұрайлықпен қараған. Әсіресе, 9 «в» сыныбы, келешекте бақылауды қажет етеді. **Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, ұсыныстар:**

- Оқушылармен кәсіптік бейімделу бағытында диагностикалауды жалғастырып жүргізу
- Оқушыларға оқытудың бейіндік бағытын таңдауда және кәсіп таңдауда кеңестер (консультация) беру.
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша, ата – аналар мен ұжымды үйлестіру.

11 сынып оқушыларында жоспар бойынша «Стресске төзімділік» сауалнамасы жүргізілді. **Мақсаты:** оқушылардың ҰБТ алдында стресске төзімділіктерін анықтау.

11 сынып оқушыларынан алынған әдістемелердің салыстырмалы көрсеткіштері



Өткізілген әдістеме бойынша, сынып оқушыларының стресске төзімділіктері қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды, төзімділігі төмен оқушымен жеке жұмыс жүргізу, бақылау ұсынылды. Жалпы зерттелген 52 оқушының, нәтижелеріне жеке талдаулар жасалынып, кеңестер берілді.

• *Арнайы диагностикалау*

Бұл бөлімге, жоспарға сай емес бірақ сұраныс бойынша түсетін диагностикалық жұмыстар жатқызылады. Яғни, жыл ішінде мынандай диагностикалық жұмыстар жүргізілді. «Бала құқығын қорғау» сауалнама (қаңтар айы); Мектепке деген көзқарасына байланысты сауалнама (мамыр)

Психологиялық қызметтің «**Диагностикалық бағыты**» бойынша нәтижелерін талдай отыра, оқушылардың көп бөлігінде жоғары алаңдаушылық факторы басқалардың үмітін анықтау қорқынышы және білімді тексеру жағдайынан қорқу болғанын атап өтуге болады. Сондықтан ,оқушылардың қобалжуының жоғарылауы басқалардың үміттерін ақтамау қорқынышымен және білімді тексеру жағдайынан қорқумен байланысты деп болжауға болады. Жүргізілген диагностикалық жұмысты бағалай отырып, қолда бар әдістер мен жеке кәсіби білім оқушылардың әртүрлі проблемалары мен бұзушылықтарын дәл және толық анықтауға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады. Алайда, одан әрі тиімді диагностика үшін диагностикалық әдістер банкін толықтыру және жаңарту қажет. Сонымен қатар, 2022 – 2023 оқу жылында кейбір әдістемелер АСППМ бағдарламасы арқылы іске асты.

Алдағы уақытта ұсыныс: жалпы мектептегі алаңдаушылық деңгейін төмендету және қалыпқа келтіру, мектепке деген ынталарын арттыру , оқу үлгерімін жақсарту. Сынып ұжымындағы психологиялық ахуалды жақсарту үшін, оқушылардың осы ерекшеліктерін, өз жұмыстарында сынып жетекші және пән мұғалімдері ескеру қажет.

ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ БАҒЫТЫ. Оқушылардың психологиялық ахуалын сақтау мақсатымен түзету -дамыту бағытында жұмыс жасау үшін арнайы, жеке бағдарламалар ұйымдастырылды. Түзету – дамыту бағытында жұмыс жасаудағы негізгі мақсат – оқушылардың барлық танымдық үрдістерін түзету болып есептелді. Осы оқу жылында 1-11 сынып оқушыларымен когнитивті, эмоционалды-мінез-құлық және коммуникативтік салалардағы қиындықтарды жеңу және сәтті бейімделу үшін оқушылардың қажетті қасиеттерін дамытуға бағытталған топтық дамыту жұмыстары жүргізілді. Осы оқу жылында барлығы **48** топтық түзету-дамыту сабақтары өткізілді. Негізгі контингент- 4,6,7 -сынып оқушылары. 2, 3 сыныптарда түзету және дамыту жұмыстары негізінен жеке режимде жүргізілді. Сонымен қатар 1,5.11 сынып оқушыларымен жеке жұмыстар жүргізілді. **34** жеке сабақ өткізілді. Түзету-дамыту сабақтарының негізгі тақырыбы:

- зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамыту
- эмоционалды жағдайды түзету
- стресстік жағдайлармен жұмыс
- агрессиямен жұмыс

Түзету және дамыту жұмыстарын қатысушылардың пікірлері бойынша да, динамика бойынша да сәтті деп санауға болады. Алайда, 2, 3 сынып оқушыларымен топтық жұмысты күшейтуге назар аударған жөн. Оқушылардың орташа үлгерімі келесі мәселелермен байланысты болуы мүмкін: оқушылардың мотивациясының жеткіліксіздігі, достарымен, мұғаліммен қарым-қатынас жасау үшін мектепке жиі барады. Олар өзін студенттер сияқты сезінеді, әдемі портфель, қаламдар, дәптерлер қызықтырады. Олардың танымдық мотивтері аз дәрежеде қалыптасады және оқу процесі оларды қызықтырмайды.

Қорытынды. Жалпы балалармен топтық жұмысты өте сәтті деп санауға болады. Бірақ, сонымен бірге, ол білімнің, бағдарламалар құрылымының және әдістемелік жабдықтардың кейбір кемшіліктерін анықтады, осылайша қызметтің даму бағытын одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтады. Келесі жылы оқушыларды топтық жұмысқа қатысуға ынталандыруға, қиындықтар мен олардың себептерін талдауға, түзету-дамыту жұмыстарының бағдарламаларын түзетуге баса назар аудару қажет.

Ұсыныс:

1. Танымдық үрдісі төмен оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу;
2. Бастауыш және орта буында оқитын 1 және 5 сынып оқушылардың бейімделуі бойынша психологиялық сабақтарды көп өткізу.
3. «Алаңдаушылық» деңгейі жоғары және «қауіпті топ» оқушылармен тренинг,релакс, арттерапия сабақтарын өткізу және назарда ұстау.

КОНСУЛЬТАЦИЯ БАҒЫТЫ:

Психологиялық қызмет түрінде консультация жұмысы екі бағытта жұмыс жасайды.

- жеке консультация жұмысы
- топтық консультация жұмысы

Осы оқу жылында оқушылар үшін 93 (бастапқы және қайталама), сондай-ақ мектеп педагогтары үшін - 32 және оқушылардың ата-аналары үшін 29 консультация өткізілді. Кеңес беру процесі әдетте екі кезеңде өтті: а) бастапқы консультация беру – оның барысында негізгі деректер жиналады және сұраныс нақтыланады; б) қайта консультация беру – диагностикалық әдістердің көмегімен неғұрлым объективті ақпарат алу, проблема бойынша одан әрі жұмыс жоспарын айқындау үшін; бұдан басқа, ата-аналарға баламен өзара іс-қимыл ерекшеліктері және қиындықтарды еңсеру тәсілдері бойынша ұсынымдар берілді. Кейбір жағдайларда қайталама консультациялар жеке қабылдаумен шектелмеді, бірақ жүйелі болды, бұл жағдайда әңгіме барысында баламен жұмыс динамикасы талқыланып, ұсыныстар нақтыланды.

Сұраныстардың көпшілігі мектеп үлгерімі мен тұлғааралық проблемалармен байланысты. Жалпы, барлық сұраныстарды былай бөлуге болады:

1. құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтар
2. эмоционалды-мінез-құлық қиындықтары (агрессивтілік, алаңдаушылық, демонстрация және т. б.)
3. балалар мен ата-аналар қарым-қатынасындағы проблемалар
4. оқу және бейімделу қиындықтары
5. топтық диагностика нәтижелері бойынша кеңес беру

Кеңес беру барысында келесі міндеттер шешілді:

1. сұранысты айқындау және нақтылау;
2. бұзушылықтың ықтимал себептерін анықтау үшін психологиялық анамнез жинау, диагностикалау;
3. оқушыларға, сондай-ақ педагогтар мен ата-аналарға, оқушылардың жеке басына байланысты мәселелері бойынша ұсынымдар ұсыну;
4. сұраныстар бойынша одан әрі жұмыс жоспарын құру.

Қорытынды. Жалпы, жүргізілген консультативтік (кеңестік) жұмыс өте тиімді болды және консультативтік қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік берді деп санауға болады. Алайда, консультациялардың көпшілігі бір реттік сипатта болды, бұл оқушылардың одан әрі жұмысқа деген ынтасының жеткіліксіздігімен немесе кеңес беру жұмыстарының жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін, оның барысында әрі қарай жұмыс істеудің маңыздылығын жеткізу мүмкін болмады. Осыған байланысты болашақта жағдайдың себептерін талдау және анықтау қажет.

Ұсыныс:

1. оқушыларды тереңірек жұмыс істеуге ынталандыруға көп көңіл бөлу,
2. оқушылардың ата-аналарымен өзара іс-әрекетті күшейту қажет

АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ.

Қызметтің осы бағыты мынадай нысандарда іске асырылды.

1) 1-11 сынып оқушылары үшін баяндамалар оқу.

Баяндамалардың негізгі тақырыптары:

1. Эмоциялар мен сезімдер
2. Төзімді болуды үйрену
3. Өз-өзіне күмәндануды қалай жеңуге болады
4. Жоқ деп айта біл т. с.с.

Өткізілген сабақтар туралы (оқушылар мен сынып жетекшілерінен) оң пікірлер алынғанына, ал сабақтан кейін оқушылар жеке консультацияларға және осы бағытты дамытуға қатысуға қызығушылық танытқанына байланысты өте тиімді деп санауға болады.

2) Ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу. 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін барлығы **12** жиналыс өткізілді (жалпымектептік және сыныптық ата-аналар жиналысы). Өткізілген баяндамалардың тақырыптары: **«1сынып оқушыларының бейімделуі», «Біз 5 сыныптамыз» т.б.** Жалпы, барлық баяндамалар сәтті өтті, сынып жетекшілерінен, ата-аналардан оң пікірлер алынды. Сондай-ақ, ата-аналар жиналыстарынан кейін ата-аналар кеңес алу үшін жүгінгеніне назар аударған жөн.

Қорытынды. Білім беру қызметін жүзеге асыруды сапалы және сәтті деп санауға болады. Алайда, болашақта келесі мәселелерге назар аудару керек: маманның білімінің толықтығы, әдістемелік және ақпараттық жабдықтар, сондай-ақ ақпарат беру әдістерін жетілдіру.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТЫ. Осы бағыт бойынша төмендегі жұмыстар жүргізілді.

1. Диагностика нәтижелерін өңдеу және талдау, оқушыларға, педагогтарға және ата-аналарға ұсыныстар дайындалды.
2. Балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдебиеттер талданды
3. Өздігінен білім алу мақсатында конференциялар мен семинарларға қатысу

Жыл бойы республикалық, қалалық және облыстық семинарларға белсенді қатысушы болдық. Олардың ішінде:

- Профилатика бытового насилия
- Психическое здоровье детей и подростков: профилактика и факторы риска
- Инклюзивное образование в современных условиях
- Основы системной работы в работе с детьми с девиантным поведением
- Профилактика наркомании
- «Сыни тұрғыдан ойлаудағы жоғары деңгейлі сұрақтары» жас мамандардың семинар практикум
- «Буллинг себептері, формалары, алдын алу» біліктілікті арттыру курс
- «Зорлық зомбылықты алдын алу» біліктілікті арттыру курс

Қорытынды. Ұйымдастырушылық -әдістемелік қызметті қанағаттанарлық деп бағалауға болады. Бұдан әрі қызметті талдау негізінде қолда бар бағдарламаларды пысықтау және білім беру процесіне қатысушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, жаңаларын әзірлеу қажет. Сонымен қатар, педагогикалық кадрлармен өзара іс-қимыл бағдарламаларын, дарынды балалармен жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге көп көңіл бөлу қажет. 2022 – 2023 оқу жылында жұмыс жүйелі әрі жоспарға сай, сонымен қатар әр бағыттарға сәйкес өткізілді. Жыл бойы жүргізілген барлық жұмыстарды талдай отырып, барлық қызмет перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес және барлық бағыттар бойынша жүргізілді деп айтуға болады. Жүргізілген жұмыс өзіндік кәсіби мүмкіндіктерді анықтауға, сондай-ақ психологиялық қызмет бағыттарын іске асыру және болашақта

кәсіби өсу үшін негізгі жолдарды анықтауға мүмкіндік берді. Өткізілген жұмыстардың нәтижесінде әр оқушыға, ата – анаға педагогикалық – психологиялық тұрғыдан көмек көрсетіліп, ағартушылық жұмысы одан әрі жанданды.

Кемшіліктер:

1. Жұмыстағы басты назар оқушылардың психологиялық денсаулықтарына кетіп, әр баланың дарындылығын ашуға жұмыстар жоспарланбады.(бастауыш сынып оқушыларымен)
2. Оқушылармен коррекциялық жұмыстар, топтармен ойын жаттығуларын жүргізуде **кабинеттердің сай болмауы** ыңғайсыздық тудырды.(кабинет ресурстары, құрал – жабдықтардың болмауы)
3. Педагог кадрлармен жұмысты күшейту.(кеңестік жұмыстар ғана жүргізіліп, басқа бағыттағы жұмыстар жүргізілмеді)

Жаңа оқу жылында мынандай жағдайларға көп көңіл бөлінбек:

- Дарынды балаларға арналған психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету;
- Педагогикалық – психологиялық тұрғыдан пән мұғалімдеріне және сынып жетекшілерге қолдау жақсарту.
- Әдістемелік жаңа білімдерді толықтыру.
- Консультациялық жұмысты жақсарту мақсатында ата – аналарға, оқушыларға, сынып жетекшілер мен мұғалімдерге арнайы ұсыныс парақтарын ойластырып, жақсарту.
- Қалалық, облыстық конкурстарға белсенді қатысушы болу;
- Түзету – дамыту бағдарламасын жақсартып, жүйелі өткізу.

Психологиялық қызметті одан әрі жақсарту мақсатында мына төмендегі міндеттерді алға қояды:

1. Оқушылардың өзара қарым–қатынасын түзету, әр оқушының сынып ұжымындағы өз орнын сезінуін қалыптастыруға бағытталған жұмысты одан әрі жалғастыру;
2. Сынып жетекшілердің педагог -психологпен байланысын күшейтуге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру;
3. Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қызмет бойынша жұмысты күшейту:
 - психологиялық–педагогикалық ағартуға қатысуға деген қызығушылық, жағымды мотивация қалыптастыру;
 - жасөспірімдермен конструктивті қарым- қатынас әдістері мен құралдарын меңгеруге үйрету, ата-ана белсенділігінің қалыптасуына ықпал ету.

12. Логопед маманның жұмысының анализі.

2022-2023 оқу жылында мектепте логопедиялық пункт өз жұмысын атқарды.

Жалпы сөйлеу тілі кемістігі мен жазба тіл кемістігін тексеру нәтижесінде топтар құралды.

Мектепшілік диагностикалау нәтижесінде жалпы тіл бұзылыстары бар 52 оқушы анықталды. Соның 23 оқушысы мектеп логопунктіне қабылданып, 29 – ы логопед көмегін қажет ететін тізімге еңгізілді.

20 қыркүйек сабақ кестесі құрастырылып, бекітілді.

Өз уақытында түгел құжаттар толтырылды:

- 2022- 2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары;
- Әр топқа арналған күнтізбелік жоспар;
- Күнделікті сабақ жоспары;
- Сабақ кестесі;
- Оқушылардың сабаққа қатысу журналы жүргізілді;
- Түгел оқушыларға тілдік карта толтырылды;
- Әр оқушыға арналған жеке карталар жүргізілді;

- Логопед кабинетінің құжаттары және кабинетті жабдықтау жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты:

- Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушыларға логопедиялық көмек көрсету жұмысын ұйымдастыру.
- Сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізу.
- Фонетикалық бұзылыстарды түзету, сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру
- Фонетика-фонематикалық есту қабілетін, жалпы және ұсақ моторикасын дамыту.

Жұмыстың міндеттері:

- Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға диагностика жүргізу.
- Сөйлеу тілі бұзылған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізе отырып әлеуметтік ортаға бейімдеу.
- Сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын ала отырып, түзете-дамыту арқылы білім беру.

Педагог-логопед маманының түзете – дамыту жұмыстары төмендегідей кезеңдермен өтті.

1. Диагностикалық кезең:

1. оқушының психо-физиологиялық қалпын жан-жақты зерттеу.
2. сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
3. таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

2. Коррекциялық дамыту кезеңі:

1. оқушының даму қалпын ескере отырып қадамдылық бағытта оқыту процессін жүргізу.
2. түзете – дамыту жұмыстарына ата – аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
3. әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.
4. оқушының сақталған компенсаторлық мүмкіншіліктерін зерттеп, анықтап, ескере отырып «Жеке дамыту бағдарламасын» құру.

Жалпы сөйлеу тілі бұзылыстарының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке дамыту бағдарламасы бойынша төмендегідей мақсат- міндеттері бар:

- сөйлеу тілінің түсінуін қалыптастыру;
- енжар және белсенді сөздік қорларын дамыту;
- белсенді сөйлеу тіліне ынталандыру дамыту;
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауға ынталандыру;
- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету;
- сөйлеу тіліндегі қалыптасқан дыбыстарды толық анықтап, дыбыстарды қою және бекіту жұмыстарын жүргізу;
- сөйлеу тілінің лексикалық–грамматикалық құрылымын дұрыс қалыптастыру;
- фонематикалық қабылдау, есте сақтау, сараптау және талдау анализ синтез жүргізу;

Түзету сабақтарының нәтижесінде, оқушылар алғашқыға қарағанда берілген тапсырмаларды түсініп, өз бетімен орындап, артикуляциялық жаттығуларды игеріп, сөздік қорларын жаңа сөздерімен толықтыру, кеңейту сияқты жетістіктерге қол жеткізді. Оқушының сөйлеу тілінің бұзылысын түзету жұмыстары әртүрлі жаттығулар арқылы логопедиялық сабақтарда жүргізілді.

Логопедиялық түзету сабақтарының мақсаты: сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушыларды анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу. Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға, атап айтқанда логопад оқушыларға сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды. Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабақ жоспарлары оқушының даму қабілетіне қарай бағытталып құрылды.

Сөйлеу тіліндегі бұзылыстар түрі, құрылымы мен деңгейі:

Дислалия бұзылыстары бар оқушылармен келесі жұмыстар жүргізілді: фонетикалық есту қабілетін дамыту үшін лексикалық тақырыптары мен дыбыстар дағдыларына байланыстырып айтылуы бойынша ерекшеліктерімен таныстырылды. Оқушылар тілдік емес дыбыстардан әуенді ойыншықтар, тұрмыстық шулар дыбыстарын ажыратып үйренді. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту жұмыстары жүргізілуде сөйлеу тілінің белсенді сөздік қорын дамыту үшін арнайы сұрақтармен байланыстырып сөздік қорлары кеңейуде. Сөйлеу тілінде «етістіктер», «есімдіктер», «зат есім», «сын есім», «есімшелерді» дұрыс қолданып үйренуде. Сюжетті суреттер бойынша екі, үш құрылымды сөйлем құрап, үш – төрт сериялы сюжетті суреттерден әңгіме құрастырады. Дыбыстану қатарына келетін болсақ дауысты дыбыстар қатарын дұрыс айтылуын қадағаланып, «еріндік» [П], [Б], «бұғақтық» [Қ], [Ғ], «ызың» [Ш],[Ж], «ысқырық»[С], [З] дыбыстарына түзету жұмыстары жүргізілді. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын ескере отырып, балаға артикуляциялық жаттығулар жасатылды. *Ротацизм бұзылыстары* бар оқушылармен келесі жұмыстар жүргізілді: жоғарыда айтылған логопедиялық түзете-дамыту жұмыстары толығымен қамтылып жатыр. Сөйлеу тілінің түсінуін дамытуға арнайы лексикалық тақырыптар алынды «Мектеп құралдары», «Жабайы аңдар» «Қыстайтын құстар», «Жәндіктер», «Тәуелсіздік күні», «Қанша мемлекеттік қор бар?», «Жыл мезгілдері» т.б. Бала тұрмыстық шуларды және жануарлардың дыбыстарын ажыратуға арналған жұмыс жүргізілді. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын дамытуда бала мимикалық, ерінге және тілге арналған жаттығуларды жасап үйренді. Сонымен бірге дыбыстар қатары анықталып, оларды қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар қатарын игерді. «Р» дыбысын қою барысында тілдің алдыңғы бөлігін альвеолаға тигізу, ажырату жүзеге асады. Кішкене шар тәрізді зондтың орнына мақта таяқшаларын немесе саусағын пайдалануға болады. Алдымен саусақты логопедтің өзі қозғайды, кейін бала өздігінен жасайды. Бастапқы тілдің ұшы ғана тербелетін, тербеліс секундына 20 ретке жететін «ұсақ діріл» болып, қалыптастырылды. Саусақтарының қимыл-қозғалыстарын дамыту мақсатында жаттығулар, ұсақ заттармен жұмыс, қарындашпен жұмыс түрлері кеңінен жүргізілді. *Лабдацизм бұзылыстары* бар оқушылармен келесі жұмыстар жүргізілді: тілдің икемсіздігіне байланысты артикуляциялық жаттығулар қатары жасалды. Ол тілдің «қазықша» қалпын жасауға, оны жоғары күрек тіске тіреуге, бүйірден ауа жолын ашуға бағытталуға көмек берді. Артикуляциялық жаттығулар тілді кезекпен жалпайту немесе жіңішкерту, «күректей», «қазықтай» ұшымен төменгі, жоғарғы еріндерге тигізу, айналдыра жалау, тіс пен ерін арасын жалау, тілді тіс пен ерін арасында, жоғары-төмен жүгірту, тілді оң, сол ұрттарға кезек тигізіп ұстап үйренді. Түзету коррекциялық сабақтың барысында оқушылар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрлымын түсінуге, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға үйренді. І жарты жылдықта логопедтің тізіміне тіркелген оқушылар саны 29. Логопедтің көмегін қажет ететін мектепшілік оқушылар саны 29, ал 2 оқушы ОПМПК – ның жолдамасымен отырған оқушылар. Осы 29 оқушының ішінде ОПМПК – ның жолдамасымен отырған 2 оқушы Кабдуахитов Арман 4 ә, Ғафур Дінмухамедахмет 4г, **сөйлеу тілі түзетілген оқушылар:**

І жарты жылдық: 9

Л дыбысы-0

С дыбысы- 1

Р дыбысы- 7

Ш дыбысы – 1

З дыбысы – 0

I жарты жылдықта 9 оқушы сөйлеу тілі түзетіліп логопедтің тізімінен шықты, 20 оқушы қалды. II жарты жылдықта тізімге алынған оқушылар: қайтіп 29 оқушыға толықтырылды.

II жарты жылдық:

Л дыбысы-1

С дыбысы-.2

З дыбысы-

Ж дыбысы- 1

Ш дыбысы- 3

Р дыбысы- 18

ЖСТД -4

II жарты жылдықта сөйлеу тілі түзетілген оқушылар - Биылғы оқу жылында оқушыларды бақылау нәтижесінде мектепшілік логопунктке 29 оқушы тіркеуге алынды. Логопедтің көмегін қажет ететін мектепшілік оқушылар саны , ал 2 оқушы ОПМПК – ның жолдамасымен отырған оқушылар, 11 бала 1-ші сыныптан , 6 бала 2 сыныптан, 10 бала 3 -шы сыныптан, 2 бала 4 -шы сыныптан. Бұл оқушыларға 03-20 қыркүйек аралығында екі апта бойы бақылау жүргізілді. Бақылау негізінде сөйлеу карталары толтырылды. Толтырылған сөйлеу картасына байланысты оқушылардың тіл бұзылыстарының түрлері анықталды. Соның негізінде сабақ кестесі құрылды. Түзету сабағы әр оқушыға аптасына 1-2 рет өткізілді. Сабақтың ұзақтығы 30-40 минут. Әр оқушыға жеке дамыту бағдарламасы жасалынды. Жеке дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Логопад оқушылардың жалпы саны- 29, олардың ішінде сөйлеу тілі түзетілген логопедтің көмегін қажет етпейтін оқушылар саны – 15, сөйлеу тілі бастапқыға қарағанда жақсарған, бірнеше дыбыстары түзетілген, бірақ белгілі бір дыбыстары әлі де бар, логопедтің қадағалауын қажет ететін балалар саны -14. Тізімде тұрған қалған оқушылармен түзету сабақтары келесі жылы жалғастырылады.

Сөйлеу тіліндегі бұзылыстар түрі, құрылымы мен деңгейі:

2 бала – дислалия (бірнеше дыбыстарды айта алмау)

8 бала – ротацизм (р дыбысын айта алмау)

0 бала – ламбдацизм (л дыбысын айта алмау)

ЖСТД - 4

Келесі оқу жылына қалдырылған оқушылар тізімі:

№	Аты-жөні	Сыныбы	Дыбыс бұзылысы	Түзетілген дыбыстары
1	Нұрқайдар Бексұлтан	1а	Л-Р дыбыстарының бұзылысы	Л дыбысы
2	Досов Карим	1ә	Р дыбысының бұзылысы	Р дыбысы
3	Байымбет Нурали	1ә	С-З, Ж-Ш, Л-Р дыбыстарының бұзылысы	С-З дыбыстары
4	Алтай Айсұлтан	1ә	Ж-Ш, Л-Р дыбыстарының бұзылысы	Ж,Ш,Л дыбыстары
5	Дандыбаева Арай	1ә	Ж-Ш, Л-Р, С-З дыбыстарының бұзылысы	С-З дыбыстары
6	Исабек Хамза	1ә	Ж-Ш, С, Р дыбыстарының бұзылысы	Ш дыбысы
7	Альназаров Ислам	1ә	Р дыбысының бұзылысы	
8	Жақсылық Айсұлтан	1б	Л-Р дыбыстарының бұзылысы	Л дыбысы

9	Қонақбай Қайсар	2 ә	Р дыбысының бұзылысы	
10	Түймебай Дінмұхамед	2в	Ж-Ш, Р дыбыстарының бұзылысы	Ж дыбысы
11	Кабдуахитов Арман	4 ә	Ж-Ш, С-З, Л-Р дыбыстарының бұзылысы	№27 мектепке ауысты
12	Ғафур Дінмухамедахмет	4 г	Л дыбысының бұзылысы	Л дыбысы
13	Жандосова Әдия	3 ә	Ж-Ш, Л-Р дыбыстарының бұзылысы	Ж-Ш, Л дыбыстары
14	Искакова Алуа	3 ә	Р дыбысының бұзылысы	Р дыбысы

Оқу жылының соңында жолпы 24 оқушының дыбыстық кемістіктері түзетілі, тізімнен шығарылды. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырып, тығыз байланыста болдық. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – баланы оқытудағы және тәрбиелеудегі жанұяның әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыру.

Баланың жанұясымен жұмыстың негізгі міндеттері:

- ата-аналарда өзінің баласына деген сәйкес қатынасты, оны жанұяда тәрбиелеудің белсенді позициясын қалыптастыру;
- ата-аналарға баламен өзара әрекеттену тәсілдерін, жанұя жағдайында оны тәрбиелеу және оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге көмектесу;
- ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмысына белсенді тарту;
- ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ақпараттандыру.

Ата-аналармен жұмыс жеке әңгімелесу және кеңес беру; ата-аналық лекторий; ашық есік күндері, семинарлар және т.б. түрінде жүргізіледі. Балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру үдерісіне тартылады, сабаққа және түзету сабақтарына шақырылады, түзете дамыту және білім беру үдерісінің нәтижелері туралы шынайы және толық ақпарат алады.

13. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

2022-2023 оқу жылында мектеп кітапханасының жұмысы жалпы мектеп жоспарының тарауларын ескере отырып жүргізілді.

Кітапхананың негізгі мақсаттары:

- Азаматтық сананы тәрбиелеу, шығармашылық қабілетін дамыту, кітаппен жұмыс процесінде оқушылардың қабілеттерін, рухани және шығармашылық мүмкіндіктерін ашу;
- Оқушылардың оқу және оқу мәдениетін қолдау;
- Оқушыларды көркем әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыру;
- Кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту.

Мектеп кітапханасының негізгі міндеттері:


- анықтамалық-библиографиялық, кітапханалық қызмет көрсету арқылы білім алушылар мен педагогтерге өздігінен білім алу мен оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету. Білім беру жобаларында білім алушылар мен оқушыларға көмек көрсету;
- оқушыларға шығармашылық ойлау, кітапхананы пайдалана білу, кітап оқу мәдениеті, кітапқұмарлық, ақпараттық мәдениетін дамытуға тәрбиелеу. Балаларға оқуға әдеттенуін қолдау және дамыту, оқу және одан қанағаттану. Өздігінен оқуына ықпал ету;
- ақпаратты өңдеу мен жинақтау, жинау және оны пайдаланушыға жеткізу. Кітапханада бар ақпараттық деректер базасында кітапханалық іс-шаралар мен сабақтан тыс жұмыстар өткізу;
- кітап оқу қызығушылығын қалыптастыру;
- азаматтық, отанды, тарихты, табиғатты сүю, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Кітап қоры

2022-2023 оқу жылында оқушылар 100 пайыз оқулықтармен, ұстаздар әдістемелік кітаптармен, оқу құралдарымен толығымен қамтамасыз етілді. Оқу жылында барлық оқырмандар саны (оқушылар, ұстаздар, басқалары) - 1006, оқулық, әдістемелік қоры 2932 данаға өсті. Жыл бойы оқулық қорын сақтау мақсатында оқулықтарды тексеру рейдтері ұйымдастырылды. Оқу жылында кітапхана қоры әдеби кітаптармен толықты.

Оқулықтар мен ескі әдебиеттерді іріктеу және есептен шығару жұмыстары жүргізілді. Кітапхана қорынан 32574 дана оқулықтар (3 жылдың), 1187 дана тозығы жеткен әдеби кітаптар есептен шығарылды. Төмендегі кестеде әдеби кітаптардың және оқулық қорының 2 жылдық түсу көрсеткіші.

Оқулық қоры




	түскені	түскені
2021-2022	5284	
2022-2023		2932



2021-2022	25 дана
2022-2023	250 дана

Кітапханаға келу көрсеткіштері

Кітапхана оқырмандары мектеп әкімшілігі, ұстаздар, оқушылар және қызметкерлер.



	2021-2022	2022-2023
оқушылар	824	920
ұстаздар	80	81
Басқалар	10	12

Оқушылардың оқу күнделігі бойынша жыл ішінде кітапханаға келуі (2 жылдық көрсеткіш)

Оқу жылы	Оқырмандар саны	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	ұстаздар	Келу көрсеткіші
2021-2022	904	110	148	170	101	140	50	70	40	20	8	7	40	6348
2022-2023	975	100	190	190	140	150	60	50	35	15	10	5	30	8000

Кестеден 2,3,5,6,10 сынып оқушыларының кітапханаға келуінің өскенін көруге болады. 8,9,11 сынып оқушыларының және ұстаздардың кітапханаға келуінің төмендігі байқалады.

Оқу процесінде өткізілген іс-шаралар:

Көрмелер, викториналар, байқаулар, балаларға арналған оқулар, кітапхана сағаттары		
	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Әдеби ойындар	6	8
Викториналар	8	10
Пікірталастар	8	16
Акциялар	5	21
Буккроссинг	4	17
Танымдық сағаттар	4	6
Буктрейлер	12	8
Кітапханаға саяхат	7	7
Әдеби кештер	10	15
Кітап көрмелері	21	30
Байқаулар	2	3

«Оқырман мектеп» жобасының іске асырылуы

	2021-2022	2022-2023
«Оқы және досыңа ұсын»	3	5
Портрет кеші	3	4
Республикалық акция «Республикам менің »челлендж	10 оқушы	35 оқушы
Өлеңдерді мәнерлеп оқу (өлке ақндры)	4	5
Поэзия сағаты	3	4
20 минут кітап оқы да, 5 минут эссе жаз	1	3
«Кітап – білім бұлағы жобасы «Ертіс-Баян өңірінен» шыққан қаламгерлермен кездесу кештері (5-10 сыныптар)	3	8
«Ең үздік оқырман сынып»	1	1
Сыныптың үздік оқырманы		
Әжемнің ертегілері (әжелер клубы)	0	1
С.Торайғыров атындағы кітапханамен іс-шаралар	2	3
Қалалық кітапханамен іс-шара өткізу	1	3
Әдеби қонақжай		
«Айналайын» жасөспірімдер үйірмесі (сахналық көріністер)	2	3
Қорытынды кеш: «Артық білім - кітапта» байқауы		11 оқушы қатысты 1,2,3 орын 8 оқушыға Алғыс хат
Формуляр бойынша тоқсан сайын ең көп оқыған оқырмандарды анықтау	3	4
Оқырмандардан оқыған кітаптары бойынша тест алу	0	5
«Ең үздік оқырман»	1 оқушы	3 оқушы, 1,2,3 орын

Қорытынды. Мәселелер. Ұсыныс.

2022-2023 оқу жылында мектеп кітапханасының жұмысы қанағаттанарлық.

Жыл басында қойылған мақсаттар орындалды деп айтуға болады.

«Кітап – білім бұлағы» жобасы іске асырылды. Қорытындысы шығарылып, байқау өткізілді.

2023-2024 оқу жылында

- орта буын оқушыларының (7,8,9 сынып) кітапқа деген қызығушылығын арттырып, іс-шаралар өткізу арқылы кітапханаға баулу;
- кітапхана қорын жаңа әдебиеттермен толықтыру.
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмысты жалғастыру.

14. 2023-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

<p style="text-align: center;">I блок. Критериалды бағалау жүйесін енгізу</p>	<p style="text-align: center;">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<ol style="list-style-type: none"> 1. 1. Оқу процесінің әр кезеңінде әр оқушының дайындық деңгейін анықтау. 2. 2. Жеке прогресті анықтау және қадағалау және оқушының жеке даму траекториясын түзету. 3. 3. Оқушыларды оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін кең спектрлі Дағдылар мен дағдыларды дамытуға ынталандыру. 4. 4. Әр түрлі қызмет түрлерін орындау үшін алынған бағалаудың маңыздылығын саралау. 5. 5. Оқу материалын игеру сапасын және оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету. 	<p>Тапсырма ұжымды жас мамандармен толықтыру себебінен толық орындалмады, сондықтан келесі жылға өзекті болып табылады. Сонымен қатар, барлық мұғалімдер формативті бағалауды ұйымдастыру, сындарлы кері байланыс беру әдістемесін меңгере бермейді</p>
<p style="text-align: center;">II блок. Оқыту технологиялары</p>	<p style="text-align: center;">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<p>Жоғары және бірінші біліктілік санаттағы мұғалімдерге (бірінші әдістемелік топ): Заманауи білім беру технологияларын толық көлемде пайдалану, жүйеде таңдаулы технологиялар шеңберінде жұмыс істеуді жалғастыру; меңгерілетін технологияларға сәйкес сыныптар мен пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендердің болуы; оқытуға құзыреттілік және Жүйелік-қызметтік тәсілдерді іс жүзінде енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру. Қалған оқытушыларға (екінші әдістемелік топ): білім беру технологияларын өзінің педагогикалық практикасында қолдану; меңгерілетін технологияларға сәйкес сыныптар мен пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендерді кешіру.</p>	<p>Жоғары және бірінші біліктілік санаттарындағы мұғалімдер арасында 60% - ға жуығы қазіргі заманғы білім беру технологиялары шеңберінде жүйеде жұмыс істейді, бұл оқушыларды оқыту мен дамытуда жоғары нәтижелерге ықпал етеді, оның ішінде 16 мұғалім деңгейлік курстардан өтті. (23%). Деңгейлік курстардан өткен мұғалімдер критериалды бағалау, дарындылармен жұмыс бойынша коучингтер өткізді. Алайда, бұл міндет келесі оқу жылына өзекті болып қала береді. Критериалды бағалауды енгізу бойынша жаңа талаптар аясында сабақтарда бақылау-бағалау қызметін жоспарлау және жүргізу келесі оқу жылында басым болып қала береді.</p>
<p style="text-align: center;">III блок. Организация контроля и самоконтроля</p>	<p style="text-align: center;">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<ol style="list-style-type: none"> 1. 1. Оқытудың нәтижелілігін бақылауды, сондай-ақ оқу процесін одан әрі технологияландыруды және бейін алдындағы және бейіндік оқытуды ұйымдастыруды ВК-ның негізгі бағыттары деп санау. 2. 2. Педагогикалық нәтижелерге мұғалімнің жауапкершілігін арттыру 3. 3. 11-сыныпта қорытынды аттестаттауды және 9-сыныптарда ОЖСБ өткізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. 4. 4. Жүйеде мұғалім мен оқушылардың сабақта бақылау-бағалау қызметін жоспарлау. 	<p>Қалалық білім бөлімінің талаптарына сәйкес қала мектептері рейтингінің тиісті көрсеткіштері бойынша мектеп жұмысының нәтижелерін қадағалау жандандырылды.</p>

<p>5. 5. Мектеп құжаттарын ресімдеуге қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылауды күшейту.</p>	
<p align="center">IV блок. Оқушылардың зияткерлік даму деңгейін анықтау</p>	<p align="center">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<p>1. 1. Оқушылардың интеллектуалды дамуына мониторинг жүргізуді жалғастыру; 2. 2. мектепке дайындықты диагностикалау және түзету (1-2кл.); 3. 3-4 сынып оқушыларының танымдық саласының динамикасын "артық", "бейнелі есте сақтау" және т. б. әдістемелер бойынша зерттеу.; 4. 4. ГИТв5-9кл әдісі бойынша негізгі ойлау операцияларының динамикасын зерттеу.; 5. 5. мыс, Векслер, Будасси 10-11кл әдістері бойынша оқушылардың жеке қасиеттерін зерттеу. 6. 6. Нашар оқушылардың жетістіктерін қадағалау.</p>	<p>Тапсырмалар орындалды. Психологиялық мониторинг нәтижелерін әртүрлі аспектілерде салыстырмалы талдау білім беру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында барлық педагогикалық кеңестер мен сынып жетекшілерінің ӘБ талқыланады.</p>
<p align="center">V блок. Оқушылардың жеке даму ерекшеліктерін есепке алу және дамыту</p>	<p align="center">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<p>1. Факультативтік және үйірме сабақтары жүйесі арқылы дарынды оқушылармен жұмысты күшейту және ТБУ жұмысында үлкен нәтижелілікке қол жеткізу. 2. Оқушылардың қалалық пәндік олимпиадаға қатысу нәтижелілігін күшейту. 3. Тәрбие орталықтарының, үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысын жалғастыру және жандандыру. 4. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстың тиімділігін арттыру. 5. Орта оқушының пәндерді оқуға деген ынтасын арттыру, күшті оқушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуіне жол бермеу.</p>	<p>Тапсырмалар ішінара орындалды. Барлық мұғалімдер "дарынды балалар" бағдарламасының бағыттарын, оның ішінде оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне басшылық жасау жөніндегі жұмысты толық көлемде іске асыра бермейді.</p>
<p align="center">VI блок. Басқару процесін мотивациялық қамтамасыз ету</p>	<p align="center">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<p>1. 9 және 11 сынып оқушыларының кәсіби бейімділіктерінің мотивациясын диагностикалау; 2. 8-сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін қалыптастыру процесін диагностикалау; 3. 9-11 сынып оқушыларын аттестаттауға рейтингтік тәсілді жүргізуді жалғастыру; 4. 5-6 сыныптардың параллельдерінде оқу мотивациясының мониторингін жалғастыру; 5. Мемлекеттік тілде оқумен гимназиялық сыныптар мен сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын және оқудағы табыстылығын қадағалау.</p>	<p align="center">Тапсырмалар орындалды</p>
<p align="center">VII блок. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету</p>	<p align="center">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<p align="center">VII блок. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету</p> <p>1. Мұғалімдермен сараланған әдістемелік жұмысты жалғастыру. 2. Оқу практикасына құзыреттілікті енгізу үшін жағдай жасау және оқытудағы жүйелі-белсенділік тәсілдері. 3. Мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі мен ӘБ әдістемелік жұмысының мониторингін жалғастыру.</p>	<p>Тапсырма орындалды. Талдау көрсеткендей, әдістемелік жұмысқа сараланған көзқарас оны тиімдірек етеді. Тапсырманы жеке мұғалімдер орындады. Тапсырма ішінара орындалды.</p>

<p>4. Мұғалімдердің шығармашылық топтарының жұмысын оңтайландыру.</p> <p>5. Сертификатталған мұғалімдер арасынан желілік қоғамдастықтың жұмысын ұйымдастыру.</p> <p>6. Бастауыш мұғалімдердің оқу процесінде кәсіби, әдістемелік мәселелерді анықтаңыз және оларды шешуге көмектесіңіз.</p> <p>7. Орта буын және бастауыш мектеп мұғалімдерінің сабақтастығы бойынша бірлескен жұмыс жоспарын толық көлемде іске асыру.</p> <p>8. Педагогикалық ұжымды көптілділікті енгізу бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің оң тәжірибесімен таныстыру.</p>	<p>Қорытындылар шығарылып, ӘБ отырыстарында талқыланды. Тапсырма орындалады Жоспар орындалды.</p>
<p align="center">VIII блок. Мұғалімнің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру</p>	<p align="center">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
<p>1. 2022-2023 оқу жылында аттестатталушылар: сабақтар әзірлеу, өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбы бойынша материалдар, дарынды оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстары, практикалық әзірлемелер дайындасын. 2. Негізгі және жоғары мектепте жұмыс істейтін пән мұғалімдері дарынды оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау бойынша оқушылармен жұмысты оңтайландырысын.</p>	<p align="center">Тапсырма орындалды.</p>
<p align="center">IX блок. Мектептің материалдық-техникалық базасын дамыту жөніндегі міндеттер</p>	<p align="center">Орындалу дәрежесін және орындалмау себебін талдау</p>
